Үшінші топқа байланысты жіктеу: спорттық мегажобалардың мемлекеттің халықаралық имиджіне ықпалын талдау. И. Бадиру, Ю.Каддафи сияқты шетелдік авторлар халықаралық спорттық жарыстар ықпалын жұмсақ күш ретінде мемлекет үшін имидж қалыптастыру мүмкіндіктері ретінде талдап, 2022 жылғы FIFA Әлем кубогымен байланысты зерттейді. «Мемлекеттің халықаралық имиджін қалыптастыру үшін жұмсақ күшті пайдалану: Катарда өтетін 2022 жылғы футболдан әлем чемпионатын зерттеу» атты мақала спорттық мегажобалар халықаралық деңгейде көзқарасты өзгерту құралы ретінде қарастырады [5]. Шетелдік және отандық зерттеулерде спорт жұмсақ күш рөлін атқаратын, мемлекеттің имиджін қалыптастыратын тиімді құрал ретінде дәлелденеді. Зерттеулер мақаланың теориялық-тұжырымдамалық негізделуіне көмектесті. Талданған зерттеулер мемлекет имиджін қалыптастырушы жұмсақ күш тетігі ретінде спортты сипаттайтын тұжырым аясында түсіндіруге мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақстанның халықаралық имиджін нығайту, танымалдылығын арттырудың тетігі ретінде спорт мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Мемлекет 2023–2029 жылдарға арналған спорт және туризм инфрақұрылымын жаңарту бағдарламасын іске асыруда [6]. Спортшылардың халықаралық деңгейде дайындалуына және халықтың физикалық белсенділігін арттыруға жағдай жасалуда. Демек, мемлекет-

тің арнайы заңнамалық құжаттары елдегі спортты дамытуды жолға қою арқылы елдің әлемдік беделін қамтамасыз етуге жоспарлы жұмыс атқарады деген сөз. Сондықтан осы шараларды жүзеге асыруда келесі сұрақтар туындайды. Қазақстан мемлекеттік деңгейде спортты дамытуда қандай жұмыстарды атқарып жатыр, нәтижелері қандай, спорт жұмсақ күш ретінде елдің халықаралық имиджін қалыптастыру үшін тиімді жұмыс атқарып жатыр ма деген сұрақтарға жауап іздеу үшін саясаттанулық талдау жасалады.

Халықаралық спортта жетістікке жету үшін ең алдымен елдің ішкі спорттық инфрақұрылымын реттеу қажет, спортшылар мемлекеттің қолдауы негізінде әлемдік деңгейде жетістіктерге жетіп, мемлекеттің абыройын арттырып, жұмсақ күш ретінде елдің оң имиджін қалыптастыра алады деген гипотеза бірнеше ресми мәліметтермен, зерттеу қорытындыларымен дәлелденеді.

Қазақстанда ішкі спорт инфрақұрылымын дамыту мақсатында нақты бағыттар айқындалған:

- Жаңа спорт кешендері мен стадиондар салуды нақты жоспарлау;
- Қолданыстағы нысандарды жаңғыртуды жолға қою;
- Ұлттық және өңірлік жобаларды іске асыруды қолға алу;
- Ауылдық жерлерде спорт алаңдарын салу мен жаңарту;
- Заманауи жабдықтар мен цифрлық платформалар арқылы нысандардың тиімділігін арттыру

мен дамыту [7]. Аталған бағыттар елдің спорт саласын реттеу мен дамытудың нақты қадамдары болып табылады.

Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлу жыл сайын артып келеді. Қазақстан соңғы уақытта спортқа бөлінген қаражатты айтарлықтай арттырды. 2021 жыл мен 2024 жыл аралығында спорт саласына бюджеттен шамамен 315 млрд теңге деңгейіне дейін бөлінген қаржы өскен [8]. Бұл көрсеткіштен 2021 жылғыдан қаранғанда 153 млрд теңге яғни, екі есеге артқанын көруге болады. Демек, Қазақстан халықаралық имиджін нығайтуға қатысты жұмсақ күшке материалдық негізде қолдап, жұмыс жасауда деген баға беруге болады.

Салыстырмалы түрде шетелдердің жұмсақ күшке байланысты спортқа салып жатқан қаржысына назар аударатын болсақ, Франция – 13,2 миллиард еуро, Германия – 9,8 миллиард еуро, Испания – 9,8 миллиард еуро, Италия – 5,3 миллиард еуро және Нидерланды 4,5 миллиард еуро болса, Қазақстан бұл тізімде 18-ші орында [9]. Қазақстанның қаржыландыру бойынша алдыңғы қатарда болуы мемлекеттің тарапынан спортты қаржылық қолдауын көрсетеді. Елдің спортқа деген жауапкершілігі мен көзқарасы оның қаржылық және материалдық қамтамасыз етілуінен көрінетіні анық. Енді осы қаржыландыруға сәйкес қазақстандық спорт халықаралық деңгейде жетістіктерге жетіп, жағымды имидж жасау жағдайы қандай деген сұраққа жауап ретінде әр спорт түрлері бойынша Қазақстанның әлемдік рейтингтегі иеленетін орынана назар аударамыз.

Кесте 1. Қазақстанның әлемдік спорттық рейтингтеріндегі орны

Рейтинг / жүйе	Қазақстанның орны	Түсіндірме
Әлемдік спорт рейтингі World Sports Rankings (2024)	43 / 206	Спорттық жетістіктер бойынша әлемнің жоғарғы 25% [10]
FIFA (футбол)	98	2023 жылғы қазан айындағы рейтинг [11]
IIHF (хоккей)	13	Хоккей бойынша әлемдік деңгейдегі үздік орын [12]
Global Sports Nations Index	30 / 81	Спорттық белсенділік пен халықаралық қатысу көрсеткіші [13]
Greatest Sporting Nation Global Cup	13	Бірнеше спорт түрлері бойынша әлемдік рейтинг [14]

Жоғарыдағы кестедегі мәліметтер Қазақстанның әлемдік деңгейде алатын орны мен беделін көрсетеді. Жалпы спорттық рейтингтерде Қазақстан әлемнің жоғарғы қатарында яғни, 206 елдің ішінде 43 орынды иеленді. Бұл елдің халықаралық спорттық ареналарда белсенді екенін көрсетіп, елдің жұмсақ күш саясатының тиімді жұмысын айқындайды. Әлемде футбол спорты ең тартымды спорт түрі болғандықтан

Қазақстан да жыл сайын оны дамытуға назарын аударуда. Себебі, дамыған елдерде футболға қолдау жоғары, себебі халықтың бұл спортқа деген сұранысы да жоғары. Футбол бойынша Қазақстанның рейтингтегі нәтижесі орташа, 98-ші орын. Бұл салада әлі өсу мүмкіндігі бар. Оны қазіргі таңдағы футболға деген халықтың тарапынан жағымды қызығушылық пен мемлекеттің қолдауының өсуінен аңғаруға болады. Хоккей спорт түрі бойынша рейтингте Қазақстанның біршама жоғары орында. Аталған спорт түрінен 13-ші орын иелену Қазақстанның әлемдегі дамыған елдердің қатарында екенін айқындайды. Хоккей спорты бойынша Қазақстан олимпиада, Азия ойындарына қатысты. Ол елдің хоккей спорты бойынша державалық статусын көрсетіп, Қазақстанның оң имиджін қалыптастыруға негіз болды. (Global Sports Nations Index және Greatest Sporting Nation) сияқты кешенді рейтингтерде Қазақстан соңғы 5 жылда үздік позицияларды сақтап келеді. Рейтинг бойынша жоғарғы көрсеткіш спорттық белсенділік пен халықаралық қатысу көрсеткішінің жақсарғандығын дәлелдейді. Спорттық көрсеткіштері бойынша Қазақстан оңға қарай динамикалық тұрақты дамып келеді. Ол кешенді рейтингтерден анықталады.

Қазақстан спортының жетістіктері мен атқарылып отырған жұмысын бірнеше кейстермен талдап, елдің оң имиджін қалыптастырудағы рөлі айқындалады.

1 – кейс. Қазақстанның беделді халықаралық жарыстарда, жазғы олимпиада ойындарына қатысуын талдау. Жетістіктері мен оқшылықтары, елдің халықаралық имиджіне әсері мен жұмсақ күш рөлін айқындау.

Жазғы Олимпиада ойындарының халықаралық маңызы зор. 1896 – 2024 жылдар аралығында 30 ойын өткізілді. Жазғы Олимпиада ойындарында жалпы командалық есепте:

Америка Құрама Штаттары (АҚШ) – 19 рет жеңімпаз болды. Кеңес Социалистік Республикалар Одағы Біріккен Команда (КСРО командасы) – 7 рет алдыңғы орында болса, Франция – 1 рет, Ұлыбритания – 1 рет, Германия – 1 рет, Қытай – 1 рет жеңімпаз атанған.

Бұл көрсеткіш олимпиада ойындарының ел имиджін айқындауда маңызды екенін көрсетеді. Олимпиада ойындары әр елдің экономикалық, әлеуметтік, технологиялық, ғылыми, мәдени дамуы мен саяси тұрақтылығының көрсеткіші. Олимпиада таза бәсекелестіктің ашық алаңы. Олимпиада ойындарында командалық алдыңғы орынды иелену мемлекеттің саяси жүйесінің жетістігін көрсетеді. Сондықтан әр ел өзінің халықаралық имиджін нығайту мақсатында олимпиадалық спорт жарыстарына жұмсақ күш ретінде үлкен мән береді.

Талданып отырған кейстің маңызды оқиғасы 2024 жылғы 26 шілде мен 11 тамыз аралығында Франция астанасы Парижде XXXIII Жазғы олимпияда ойындары. Оған 206 елден келген 10,5 мыңнан астам спортшы қатысты [15]. Қазақстан қатысып, өзінің спорттық әлеуетін сынап, халықаралық кеңістікте имиджін нығайтуға тырысты. Олимпиадаға Қазақстан Республикасының атынан 80 спортшы қатысып, олар 25 спорт түрінен 92 жолдама жеңіп алып, елеулі жетістіктерге жетті. Қазақстан құрамасы 1 алтын, 3 күміс және 3 қола медаль жеңіп алып, жалпыкомандалық есепте 43-орынды иеленіп, Токио Олимпиадасымен салыстырғанда, алға жылжу бар екенін көрсетті. Токиода Қазақстан 8 қола медальмен 83-орын, Парижде команда 43 орын иеленді [16].

Нәтижелерін төмендегі кестеден нәтижелерді анықтауға болады.

Кесте 2. 2024 жылғы Олимпиада ойындарындағы жеңімпаз спорт түрлері [17].

Медаль	Спорт түрі	Атлет	Ерекшелігі
Алтын	Дзюдо	Елдос Сметов	Қазақстанның дзюдодағы тұңғыш алтын медалі
Күміс	Спорттық гимнастика	Нариман Құрбанов	Жеке жаттығуларда жоғары деңгей, тұңғыш жоғары көрсеткіш
Күміс	Грекрим күресі	Демеу Жадраев	Құраманың үлкен жетістігі
Күміс	Бокс	Нұрбек Оралбай	Қазақстанның дәстүрлі ең мықты саласы, одан биік жетістіктер күтілген

Қола	Бокс	Назым Қызайбай	Әйелдер боксында жоғары деңгей
Қола	Дзюдо	Ғұсман Қырғызбаев	Дзюдода бәсекелестік жоғары
Қола	Армрестлинг / аралас командалық	Александра Ле және Ислам Сәтпаев	Командалық жарыстардағы алғашқы тәжірибе ретінде тіркелді

2-кестеден қазақстандық спортшылар дәстүрлі, классикалық спорт түрлерімен қоса командалық спорттан да үздік атанғанын көруге болады. Қазақстан спортшылары негізінен күрес, дзюдо және бокс сияқты дәстүрлі күш спорты түрлерінен үнемі үлкен жетістіктерді көрсетеді. Ал, спорттық гимнастикада күміс медаль жаңа бағыттағы табыс болып табылады. Жас буынның әлеуетін, жаңа көзқарасты көрсетеді. Қазақстанның командалық спорт түрлерінде әлі де бәсекеге қабілеті төмен. Дегенмен бетбұрыстың бар екенін олимпиада жарыстарындағы жетістіктер нәтижесі айқындады.

Қазақстанның олимпиада ойындарындағы жетістігін қатысқан жарыстарға байланысты салыстырмалы анықтай аламыз. 2012 жылғы Лондон олимпиадасынан бергі көрсеткіштерін мәліметтер бойынша талдасақ, жалпы медальдар саны бойынша қазақстандықтардың нәтижесі Рио-2016 олимпиадасында жоғары болды. Жалпы медальдар саны – 17 болды.

Кесте 3. 2012-2024 жж аралығындағы олимпиадалар бойынша жалпы медаль саны [18]

Олимпиада	Жалпы медальдар	Алтын	Күміс	Қола	Орташа медальдар/спортшы
Лондон2012	7	1	1	5	0,11
Рио2016	17	1	5	11	0,27
Токио2020	8	1	3	4	0,13
Париж2024	7	1	3	3	0,12


3 – кестеде берілген мәліметтерге назар аударатын болсақ, Рио және Токио олимпиадалары 17 және 8 медальдардың көрсеткішімен соңғы Париж олимпиадасынан жоғары болып тұр. Соңғы нәтиже 7 медаль, оның ішінде 1 алтын дзюдо күресінен Елдос Сметов алса, күміс медальды спорттық гимнастикадан Нариман Құрбанов, грек рим күресінен Демей Жадраев, бокстан Нұрбек Оралбай алды. Қола медальды әйелдер боксынан Назым Қызайбай, дзюдошы Ғұсман Қырғызбаев және армрестлинг-аралас командалық спорт түрінен тұңғыш рет Александра Ле және Ислам Сәтпаев алды. Бұл нәтиже еліміз үшін жаман емес, елдің халықаралық деңгейдегі беделін көтеріп, қазақстандық спортшылардың әлемдік деңгейде бәсекелесе алатындарын білдірді.

Қазақстандық спортшылардың олимпиада, әлем чемпионаттары сияқты халықаралық деңгейдегі жарыстарда жоғары нәтиже көрсете алулары мемлекеттің ішкі саяси факторларына да байланысты. Мемлекеттің тарапынан жақсы қаржыландыру мен инфрақұрылымдық қолдаулар, ішкі дайындық сапасы мен шетелдік тәжірибе, спорт саласындағы сыбайластықпен күрес мәселелері дұрыс жолға қойылған жағдайда ел спортшыларының көрсеткіштері тұрақты дамидыны сөзсіз.

Яғни, Қазақстандық спортшылардың жоғары көрсеткіштері халықаралық имидждің жақсаруына себеп болады. Оған қол жеткізу үшін мемлекеттің спорт саласындағы ішкі саясаты тұрақты қолдау жасауы қажет. Осы мәселеге қатысты қоғамдық көзқарас мемлекеттің спортқа қатысты ішкі саясатының жағдайын анықтауға, мәселелерді саралап, шешу жолдарына қатысты ұсыныстарды алуға көмектесті. Себебі, елдің ішкі тұрақтылығы мен дамуы спорттың жұмсақ күш ретіндегі халықаралық имиджінің жақсаруына ықпал етеді.

Аталған факторлар соңғы олимпиада кезіндегі орын алған сұрақтарға негіз болды. Олимпиада ойындары қоғамдық талқыға түсті. Оны төмендегі қоғамдық пікір арқылы нақтылауға болады.


Сурет 1. Спортшылардың Олимпиадада көрсеткен нәтижесі туралы [19]



1-суретте Demos.kz порталының сауалнамасы беріліп, жауап беруге қатысқан респонденттердің пікірлері арқылы талдау жасалады. Жауап көрсеткіштері бойынша басым көпшілік спортшылардың көрсеткен нәтижелеріне көңілдері толмайды. Атап айтатын болсақ, 30.3% өте сәтті өтті деген пікір білдірсе, сәтті болмады деген жауап бергендер 31%,-ды құрады. Сәтсіз сияқты деген пікірдегі респонденттер 23.7%. Мүлдем сәтсіз деген пікірде 11.9%. Жауап беруге қиналатындар 3.1%. Қорытындыласақ, сәтті деген пікірде 30.3%. ал, қалғандары спортшылардың ойындарына көңілдері толмады деген сөз.

Келесі маңызды сұрақ Қазақстан құрамасының Париждегі Олимпиадада жақсы өнер көрсетуіне себеп болған кедергіні анықтауға қатысты болды. Себебі, халық осындай халықаралық ойындарда жарысқа түсіп жатқан отандастары үшін, өздерінің елі үшін жанкүйерлік танытады. Ол патриоттық пен бірегейлік сезімнің күшеюіне әкеледі. Жоғарыдағы сауалнаманың жауаптары көрсеткендей, елдің атынан өнер көрсететін спортшылардың үміт күткендей сәтті өнер көрсете алмауының себебі бірнеше сұрақтарды тудырады. Мемлекеттің тарапынан жақсы қаржыландыру мен инфрақұрылымдық қолдаулар бола отырып, спортшылардың ойдағыдай өнер көрсете алмауларына қандай кедергілер болды және оларды анықтап, реттеу бойынша қандай жұмыстар атқарылуы керек еді деген сұрақтар. Аталған сұрақтарға жауапты жанкүйерлердің пікірлерінен алуға болады.

Сурет 2. Сіздің ойыңызша, Қазақстан құрамасының Париждегі Олимпиадада жақсы өнер көрсетуіне не кедергі болды? [19.1]



Жоғарыдағы сауалнамадағы жауаптардан спорт саласында көптеген мәселелердің бар екені анықталады. Атап айтатын болсақ, ең күрделі мәселенің бірі спорттағы коррупция. Оны жоққа шығара алмаймыз. Себебі респонденттердің 40.6% яғни, басым көпшілігі Қазақстан құрамасының Париждегі Олимпиадада жақсы өнер көрсетуіне кедергі болған коррупция деп есептейді. Спортшылардың нашар дайындығы 22.2%,


қаржының жетіспеуі 19.1%, білікті жаттықтырушылар мен жаттығу орындарының жетіспеушілігі 18.9%, мемлекет тарапынан қолдаудың аз болғаны 7.9%, спорттағы нашар менеджмент басқару 7.2%, өз таланттарымыздың орнына шетел мамандарын тарту 8.2%, балалар мен жасөспірімдер спортының нашар дамуы 18.6%, басқа 4.5%, жауап беру қиын 8.7%.

Сурет 3. Сіздің ойыңызша, келесі Олимпиада ойындарында қазақстандық спортшылар нәтиже көрсету үшін, не істеуге болады? [19.2]



Респонденттердің келесі Олимпиада ойындарында қазақстандық спортшылардың жақсы нәтиже көрсету мүмкіндіктері бойынша ұсыныстарын талдасақ, балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуға ақша құю қажеттігін сауалнаманың 37.9% жауабын құрады. Спорт инфрақұрылымын және бұқаралық спортты қолжетімді ету қажеттілігін ұсынғандар пайызы 18.6% болды. Спортқа ақшаны көптеп құю деген пікірде 22.8%, халықаралық тәжірибелі жаттықтырушыларды тартуды ұсынғандар 15.3%, Қазақстанның қолынан келетін спортқа назар аудару керек деген пікірлер 7.2%, спортшыларға жағдай жасауды ұсынған пікірлер 18.9%, шетелдік легионерлерді көптеп тарту деген пікірді қолдайтындар 2.4%, спорттағы сыбайластықты жою қажет деген пікірде 22.8%, олимпиададағы сәтсіздіктер үшін соған жауапты шенеуніктерді жауапқа тарту керек деген көзқараста 11.1% пікірлер болса, басқа 5.4%, жауап беруге қиналатындар 8.2% болды. Демек, жоғарыдағы ұсыныстар қаржыны көбейту, спорт саласындағы коррупциямен күрес, халықаралық тәжірибелі жаттықтырушыларды шақыру қажет деген еді.

Сурет 4. Спортты дамыту жөніндегі мемлекеттің саясатына қандай баға бересіз? [19.3]



Спорттың дамуы мен халықаралық кеңістікте бәсекелестікке сай болуы мемлекеттік саясаттың тиімді жұмысына байланысты. Қоғамдық пікір бойынша мемлекеттің қызметін өте жақсы деп бағалағандар 7.4%, жақсы дегендер 22.6%, жаман емес деген көзқараста 35.2%, жаман дегендер 8.9%, өте нашар 9.6%, жауап беру қиын деген пікірлер 16.2%. Орташа деген пікірден төмен көзқарастардың саны басым. Демек осы пікірден мемлекеттік саясаттың жұмысын жетілдіру қажеттілігі бар екендігі анықталады оны жетілдіру ұсынылады.

2 – кейс. Жұмсақ күш ретінде спортты тиімді пайдалану арқылы халықаралық имиджін оң қалыптастыру.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері қысқа тарихи кезең ішінде халықаралық спорт аренасында өзін табысты мемлекет ретінде таныта білді. Сондықтан осы кейс Қазақстан спортшыларының әлем чемпионаттары мен құрлықтық жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, елдің беделін арттыра алды деген болжам талданады.

Қазақстан бокс мектебі әлемде ерекше беделге ие және елімізді дүниежүзілік деңгейде танытып жүрген спортшылар бар. Қазақстандық боксшылар тұрақты түрде жұлделі орындарға ие болып келеді. Басқа да спорт түрлері, атап айтқанда дзюдо, еркін және грек-рим күресі, таэквондо, ауыр атлетика және мәнерлеп сырғанау спорт түрлерінде де ірі халықаралық жетістіктер тіркелген.

Кесте 5. Қазақстанның әлем чемпионаттарындағы жетістіктері (2024–2025 жж.)

Спорт түрі	Әлем чемпионаты (жылы, орны)	Жетістіктер
Бокс	Әлем чемпионаты, 2025 ж., Ливерпуль	7 алтын, 1 күміс, 2 қола; командалық есепте 1-орын
Самбо	Әлем чемпионаты, 2024 ж., Алматы	3 алтын, 5 күміс, 9 қола (барлығы 17 медаль)
Ауыр атлетика	Әлем чемпионаты, 2024 ж.	2 алтын, 1 күміс; жалпыкомандалық 3-орын
Спорттық гимнастика (жасөспірімдер)	Әлем чемпионаты, 2025 ж.	1 алтын, 1 күміс
Қазақ күресі (CISM)	Әлем чемпионаты	Командалық есепте 1-орын
Қысқы спорт түрлері	Әлемдік жарыстар, 2024–2025 жж.	Жұлделі орындар, халықаралық медальдар

Жоғарыдағы кестедегі мәліметтер Қазақстан спортшыларының 2024-2025 жылдары әлемдік деңгейде елдің абыройын арттырып, тиімді жұмсақ күш рөлін атқарғандығын дәлелдейді. 2025 жылғы Ливерпуль қаласында өткен бокстан әлем чемпионатында Қазақстан командалық 1 орын алды. Ол еліміздің бокс державасы екенін айқындайды. Ел Президенті Қ. Тоқаев спортшылардың жетістіктерін жоғары бағалап, «Спортшыларымыздың жеңістері ұлтқа шабыт береді және Қазақстанның абыройын әлемдік аренада көтереді. Бұл жеңіс Лос-Анджелес Олимпиада ойындарына барар жолдағы маңызды қадам», - деді [20]. Бұл боксшыларды үлкен жетістіктерге қанаттандыратын және елдің абыройын сезінетін үлкен жауапкершілік. Сонымен бірге жоғарыдағы кестеден спорттық гимнастика мен қысқы спорт түрлері де дамып келе жатқанын байқауға болады.

2025 жылы спорт саласында халықаралық имиджді нығайтуда үлкен жұмыстар атқарылды. «Қайрат» футбол клубы өз тарихында алғаш рет УЕФА Чемпиондар Лигасының топтық кезеңіне жолдама алды. Алматыда Шотландияның «Селтик» футбол клубын керемет пенальти сериясында жеңді. Клубтың халықаралық деңгейінің артуы Халықаралық футбол тарихы мен статистикасы федерация (IFFHS) әлемдегі ең үздік 500 футбол клубының қатарына енгенімен анықталады. «Қайрат» жалпы есепте 90,75 ұпаймен 240-шы орын алды. Демек болашақта ел клубтарының футбол спортынан жарқын болашағын көруге болады.

9 желтоқсанда «Қайрат» футбол клубының футболшысы Анарбеков УЕФА чемпиондар Лигасының кездесуінде матчтың үздік ойыншысы атанған алғашқы қазақстандық футболшы. Қазақстандық жас футбол таланттары халықаралық деңгейде танымал бола бастады. 17 жастағы шабуылшы Дастан Сәтпаев 90 ұпаймен үздік ойыншылар қатарында.

2025 жылдың ең үздік жаңалықтарының бірі Қазақстан үшін тарихи оқиға Геннадий Головкин Дүниежүзілік бокс федерациясының президенті болып тағайындалды. Ол халықаралық бокс даңқы залына сайланды. 2025 жылғы дауыс беруде таңдалған Головкин залға қабылданған алғашқы қазақ боксшысы болды. Мұхаммед Әли, Мэнни Пакьяо және Майк Тайсон сияқты әлемдік аңыздардың қатарына қосылды. Бұл Қазақстанды үлкен танымалдыққа әкеледі. Геннадий Головкин кәсіби бокс аренасында жеңіске жетіп, Қазақстанның халықаралық имиджін нығайтып, әлемдік спорттық брендке айналды. GGG халықаралық деңгейде Қазақстанды танытудың көрнекті символы. Оның титулдық жекпе-жектері мен әлемдік чемпиондық белестері, жаһандық медиадағы танымалдығы Қазақстанның «жетістікке жетуге талпынатын мінезді, талантты және тәртіпті ел» имиджін қалыптастырды. Бұл әлемдегі жас спортшыларды шабыттандырды. Оларды әлемдік деңгейде өнер көрсетуге ынталандырды.

Сонымен қатар, Г. Головкиннің елдің оң халықаралық имиджін қалыптастыру мен дамытудағы үлесін жоғары бағалауға негіз бар. Г. Головкиннің қайырымдылық қызметтері мен спортты насихаттау бағытындағы бастамалары Қазақстанның халықаралық имиджін тек қана спорттық жетістіктермен шектемей, әлеуметтік жауапкершілік пен мәдени дипломатия арқылы да арттыруға болатынын дәлелдейді. Г. Головкин Қазақстанның атын әлемдік аренада абыроймен танытқан нағыз елші, өлшеусіз үлесін Қазақстанның халықаралық спорттық және мәдени имиджіне еңбегі ерекше бағаланады. Ол чемпион ғана емес, ол Қазақстанның халықаралық аренадағы имиджін қалыптастырған тұлға.

Дүниежүзілік бокс федерациясының президенті болып сайлануының өзі ел үшін үлкен мәртебе. Ол туралы мемлекет басшысы «Сіз шынымен де әлемдік спорттың дамуына орасан зор үлес қостыңыз, бай дәстүрлері бар қазақ бокс мектебін абыроймен таныстырдыңыз және әрине, Қазақстанның бокс державасы ретіндегі мәртебесін нығайтуға көмектестіңіз» деп бағалады [21]. Демек, Қазақстанның халықаралық имиджінің нығайуына жұмсақ күш ретінде Г. Головкиннің еңбегі орасан зор.

Қазіргі кезде әлемдік додаларда физикалық спорт түрлерімен қатар интеллектуалды спорт болып саналатын шахматтың танымалдығы артуда. Әсіресе Қазақстанның ірі жетістіктері мен имиджіне шахмат спорты тікелей әсер етіп отыр. Қазақстан шахматшылары әлемдік шахматта элиталық, жастар және командалық жарыстарда үлкен нәтижелерге қол жеткізіп отырғаны Қазақстан имиджінің маңызды көрінісі. Британ парламентінде қазақстандық үздік гроссмейстерлер кездесу өткізді. Бибісара Асаубаева, Жансая Әбдімәлік ұлттың шахмат әлемінде Қазақстанның халықаралық қауымдастықтағы беделі мен имиджін нығайтуда еңбектері зор. Шахмат спортындағы жетістіктер Қазақстанның жекелеген жекпе-жек түрлерімен қатар интеллектуалды спорттың дамуына мән беретінін айқындайды. Қазақстанның халықаралық спорт кеңістігінде жетістіктері мол. Қазақстан спортының жұмсақ күш рөлі артуда және болашағы зор.

Қорытынды

Мақалада Қазақстанның халықаралық имиджін қалыптастыруда спорт жұмсақ күштің тиімді құралдарының бірі ретінде маңызды рөл атқаратыны анықталды. Халықаралық кеңістікте барлық мемлекеттер үшін спорт елдер арасындағы сенімді нығайтуға, жағымды бейнені қалыптастыруға және халықаралық қауымдастықтағы беделді арттыруға мүмкіндік береді. Жоғарыдағы талдаудан елдің ашық, тұрақты әрі ынтымақтастыққа дайын мемлекет ретіндегі имиджін дәлелдеуде Қазақстанның ірі халықаралық спорттық жарыстарды өткізуі, спортшылардың әлемдік аренадағы жетістіктері және спорттың дамуы маңызды екені дәлелденді.

Қазақстан спортты елдің жұмсақ күш саясаты ретінде өзінің мәдени ерекшелігін, ұлттық құндылықтарын және заманауи даму бағытын халықаралық деңгейде пайдаланып таныта алды. Олимпиада ойындары, халықаралық чемпионаттар секілді іс-шараларда Қазақстан оң имиджін қалыптастыра алды.

Талданған негіздеме-лерге сәйкес спорттың жұмсақ күш ретіндегі әлеуетін дамыту тұрақты әрі жүйелі саясатты талап етеді деп қорытындылауға болады. Халықаралық спорттық беделге нұқсан келтіретін факторлар болып табылатын допинг даулары, басқару мәселелері, ел имиджіне кері әсер етеді. Осы сұрақтардың шешімі спортқа қатысты ішкі мәселелерді реттеудің қажеттілігін айғақтайды. Қазақстан үшін спорт саласындағы ашықтық, әділ бәсеке және институционалдық дамуды қамтамасыз ету стратегиялық маңызға ие.

Аталған жетістіктер мен кемшіліктерді ескере отырып, Қазақстанның халықаралық имиджін нығайту үшін төмендегі ұсыныстар беріледі:

Қазақстанның халықаралық имиджін нығайту үшін спортты жұмсақ күш ретінде пайдалану тиімді құрал болып табылады. Оны жүзеге асыру үшін елдің әлемдік деңгейдегі қызметімен қатар мемлекеттің спортқа қатысты саясатының басым бағыттарына назарды күшейту ұсынылады.

Спорт саласын жан жақты дамыту мен қолдау, оның жұмсақ күш ретіндегі халықаралық қатынастағы рөлін нығайту бойынша ғылыми зерттеулерді күшейту ұсынылады. Себебі саяси ғылымдар тұрғысынан аталған мәселелерді зерттеуге қатысты жұмыстар тым аз.

Медиакеңістікте елдің халықаралық деңгейдегі спорттық жетістіктерін жариялау, ақпараттандыру жұмыстарын кеңейту халықты қоғамдық бірегейлікке жұмылдыруға, отансүйгіштік сезімді нығайтуға себеп болады. Сондықтан медиакеңістікті тиімді пайдалану, халықаралық кеңістікте Қазақстанның спорт саласындағы жетістіктері, жеңімпаз спортшылар тақырыбындағы контенттерді кеңейту ұсынылады.

Спорт Қазақстанның халықаралық имиджін нығайтуда тиімді жұмсақ күш құралы. Ол ұлттық бренд қалыптастыру, мәдени дипломатия және сыртқы саясаттың құрамдас бөлігі ретінде жүйелі түрде елдің жаһандық аренадағы позициясын одан әрі күшейтуге мүмкіндік береді.

Қаржыландыру. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды (тіркеу нөмірі BR24993082).

Авторлардың қосқан үлесі:

Дюсембекова М. – зерттеудің жалпы тұжырымдамасын әзірлеуге, зерттеу барысын үйлестіруге және мақаланың ғылыми мазмұнын редакциялауға қатысты;

Жанпейісова Қ. – зерттеудің теориялық тұжырымдамасын қалыптастыруға, практикалық бөлімін жүзеге асыруға, зерттеу нәтижелерін талдап, ғылыми тұрғыдан негіздеуге және мақаланы рәсімдеуге үлес қосты;

Акимов О. – зерттеудің теориялық және практикалық негіздерін жүйелеп, ғылыми әдебиеттерге талдау жүргізді; зерттеу әдістемесін әзірлеуге, алынған нәтижелерді талдауға және қорытынды жасауға қатысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Nye, Zh.S. (2011) *The Future of Power*. New York: Public Affairs, p. 432.
2. Nye, Zh.S. (2004) *Soft Power: The Means to Success in World Politics*. New York: PublicAffairs, p. 342.

3. Raza, M.A., Nawaz, A., Mustafa, G. (2025) Sports diplomacy as a tool of soft power in contemporary international relations. *Global Physical Education and Sports Sciences Review*, VIII, II, pp. 1-12.
4. McDuff, E. (2020) Sport Diplomacy: Sport's Impact as a Form of Soft Power on Peacebuilding and Nation-Building in the Israeli-Palestinian Conflict. *Fluh: International Relations Review*, 10, 29, pp. 1-20.
5. Badiru, I. (2025) Ghaddafi Bin Yusuf, Khadizhah Sanusi Gumbi. The Use of Soft Power as a Tool for Prozhecting State's International Image: A Study of Katar 2022 Federation of International Football Association (FIFA) World Cup. *International Zhournal of Research and Innovation in Social Science (IZHRIS)*, 9, 5, pp. 38-45.
6. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262> (Қаралған күні: 03.01.2026).
7. Бектенов, О. Обеспечить сбалансированное развитие спортивной инфраструктуры в разных регионах. Доступно по ссылке: <https://primeminister.kz/ru/news/olzas-bektenov-o-realizacii-porucenii-prezidenta-nuzno-obespecit-ravnomernoe-razvitie-sportivnoi-infrastruktury-vo-vsex-regionax-30682> (Дата обращения: 03.01.2026).
8. Бектенов, О. О развитии спорта в Казахстане и причинах недостаточной результативности спортсменов. Доступно по ссылке: <https://www.sports.kz/news/premer-ministr-ozvuchil-prichinu-nizkih-rezultatov-kazahstanskih-sportsmenov> (Дата обращения: 03.01.2026).
9. Какое место занимает Казахстан в рейтинге стран по государственному финансированию спорта. Доступно по ссылке: <https://esquire.kz/kakoe-mesto-zanimaet-kazahstan-v-rejtinge-stran-po-gosudarstvennomu-finansirovaniyu-sporta> (Дата обращения: 03.01.2026).
10. World Sports Rankings. World Ranking of Countries in Elite Sport (WRCES). Available via the link: https://sportsrankings.world/rankings?ranking=wrces_final&year=2024 (Accessed: 03.01.2026).
11. Kazakhstan national team up two positions in the FIFA rankings. Available via the link: <https://kff.kz> (Accessed: 03.01.2026).
12. Kazakhstan men's national ice hockey team. Available via the link: <https://en.wikipedia.org> (Accessed: 03.01.2026).
13. В рейтинге самых спортивных стран мира Казахстан занял 30-е место. Доступно по ссылке: https://www.kt.kz/rus/sports/v_rejtinge_samih_sportivnih_stran_mira_kazahstan_zanjal_30e_mesto_1153615483.html (Дата обращения: 03.01.2026).
14. USA still tops Global Cup, China, France battle for second place. Available via the link: <https://greatestsportingnation.com> (Accessed: 03.01.2026).
15. Paris 2024 Olympic Games. International Olympic Committee. Available via the link: <https://olympics.com/en/paris-2024>. (Accessed: 03.01.2026).
16. Олимпиадалық медальдар, рекордтар және тарихи жетістіктер: маусым қорытындысы. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://olympic.kz/kk/article/32490-olimpiyskie-medali-rekordy-i-istoricheskie-dostizheniya-sportivnye-itogi-goda> (Қаралған күні: 03.01.2026).
17. Жазғы Олимпиада ойындары. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://olympic.kz/kk/event/xxxiii-letnie-olimpiyski-igry> (Қаралған күні: 03.01.2026).
18. Летние Олимпийские игры. Доступно по ссылке: <https://olympic.kz/kk/game/40-parizh-2024> (Дата обращения: 03.01.2026).
19. Париж Олимпиадасындағы Қазақстанның нәтижелері туралы адамдардың пікірі. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://demos.kz/infographics-what-people-think-of-the-kazakhstan-results-at-the-paris-olympics?lang=en> (Қаралған күні: 03.01.2026).
20. Тоқаев, Қ. Бокстан Әлем чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсіміне қатысты. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://www.gov.kz/memleket/entities/tsm/press/news/details/1070815> (Қаралған күні: 03.01.2026).
21. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (Ақорда). Мемлекет басшысы World Boxing президенті Геннадий Головкинді қабылдады. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-world-boxing-prezidenti-gennadiy-golovkindi-kabyldady-25105951> (Қаралған күні: 03.01.2026).

М. Дюсембекова, Қ. Жанпейісова, О. Акимов

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
(E-mail: maira.enu@mail.ru, zhanpeisova73@mail.ru, akimov_olzhas@rambler.ru)*

Спорт как инструмент мягкой силы в формировании международного имиджа Казахстана

Аннотация. В современных условиях глобализации международный имидж государств формируется не только посредством дипломатической и экономической политики, но и через инструменты «мягкой силы». В международном пространстве роль «мягкой силы» в формировании позитивного образа страны приобретает особую значимость и реализуется различными способами. В данной статье спорт рассматривается как один из ключевых инструментов «мягкой силы», способный эффективно транслировать культурные, социальные и политические ценности независимого Казахстана на международной арене. На основе конкретных данных обосновывается, что спортивные достижения играют важную роль в формировании национального бренда и укреплении авторитета Казахстана в международном сообществе.

В статье анализируются концептуальные основы роли спорта в политике «мягкой силы» при формировании международного имиджа государства, а также представлен обзор научной литературы по данной проблематике. Спортивные достижения Казахстана рассматриваются на основе двух кейсов, в рамках которых выявляются успехи и недостатки участия страны в летних Олимпийских играх, а также с помощью общественного мнения формулируются рекомендации. Кроме того, анализируется влияние побед казахстанских спортсменов на чемпионатах мира и роль известных атлетов, таких как Геннадий Головкин, в формировании позитивного имиджа страны. Рассматривается текущее состояние данной сферы, предлагаются практические рекомендации и прогнозы дальнейшего развития. Также исследуется эффективность спорта как инструмента «мягкой силы» государства и модели продвижения культурных и моральных ценностей на международной арене.

Ключевые слова: спорт, политика мягкой силы, международный имидж, Олимпийские игры, государственная политика, чемпионат мира.

M. Dyussebekova, K. Zhanpeisova, O. Akimov

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
(E-mail: maira.enu@mail.ru, zhanpeisova73@mail.ru, akimov_olzhas@rambler.ru)*

Sport as a soft power instrument in shaping Kazakhstan's international image

Abstract. In the context of contemporary globalization, the international image of states is shaped not only through diplomatic and economic policies, but also through the instruments of soft power. In the international arena, soft power plays an increasingly significant role in forming a positive image of a country and is implemented through various channels. This article examines sport as one of the key instruments of soft power capable of effectively transmitting the cultural, social, and political values of independent Kazakhstan to the global community. Based on empirical data, the study demonstrates that sporting achievements play an important role in shaping the national brand and strengthening Kazakhstan's reputation in the international arena.

The article analyzes the conceptual foundations of the role of sport in soft power policy and its contribution to the formation of a state's international image, alongside a review of relevant academic literature. Kazakhstan's sporting achievements are examined through two case studies, which identify both the successes and shortcomings of the country's participation in the Summer Olympic Games and formulate recommendations based on public opinion. In addition, the article explores the impact of victories achieved by Kazakhstani athletes at world championships and assesses the role of prominent athletes, such as Gennady Golovkin, in shaping a positive international image of the country. The current state of this sphere is analyzed, practical recommendations and future projections are proposed, and the effectiveness of sport as a soft power instrument is evaluated, including models for promoting cultural and moral values on the international stage.

Keywords: Sport, soft power politics, international image, Olympics, public policy, world championship.

References

Nye, Zh.S. (2011) *The Future of Power*. New York: Public Affairs, p. 432.

Nye, Zh.S. (2004) *Soft Power: The Means to Success in World Politics*. New York: PublicAffairs, p. 342.

Raza, M.A., Nawaz, A., Mustafa, G. (2025) Sports diplomacy as a tool of soft power in contemporary international relations. *Global Physical Education and Sports Sciences Review*, VIII, II, pp. 1-12.

McDuff, E. (2020) Sport Diplomacy: Sport's Impact as a Form of Soft Power on Peacebuilding and Nation-Building in the Israeli-Palestinian Conflict. *Fluh: International Relations Review*, 10, 29, pp. 1-20.

Badiru, I. (2025) Ghaddafi Bin Yusuf, Khadizhah Sanusi Gumbi. The Use of Soft Power as a Tool for Prozhecting State's International Image: A Study of Katar 2022 Federation of International Football Association (FIFA) World Cup. *International Zhournal of Research and Innovation in Social Science (IZHRIS)*, 9, 5, pp. 38-45.

Kazakstan Respublikasynyn turistik salasyn damytudyn 2023 – 2029 zhyldarga arnalgan tuzhyrymdamasyn bekitu turaly. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262> (Karalghan kuni: 03.01.2026). [in Kazakh]

Bektenov, O. Obespechit' sbalansirovannoe razvitie sportivnoj infrastruktury v raznyh regionah. Dostupno po ssylke: <https://primeminister.kz/ru/news/olzas-bektenov-o-realizacii-porucenii-prezidenta-nuzno-obespecit-ravnomernoe-razvitie-sportivnoi-infrastruktury-vo-vsex-regionax-30682> (Data obrashhenija: 03.01.2026). [in Russian]

Bektenov, O. O razvitii sporta v Kazahstane i prichinah nedostatochnoj rezul'tativnosti sportsmenov. Dostupno po ssylke: <https://www.sports.kz/news/premer-ministr-ozvuchil-prichinu-nizkih-rezultatov-kazahstanskih-sportsmenov> (Data obrashhenija: 03.01.2026). [in Russian]

Kakoe mesto zanimaet Kazahstan v rejtinge stran po gosudarstvennomu finansirovaniyu sporta. Dostupno po ssylke: <https://esquire.kz/kakoe-mesto-zanimaet-kazahstan-v-rejtinge-stran-po-gosudarstvennomu-finansirovaniyu-sporta> (Data obrashhenija: 03.01.2026). [in Russian]

World Sports Rankings. World Ranking of Countries in Elite Sport (WRCES). Available via the link: https://sportsrankings.world/rankings?ranking=wrces_final&year=2024 (Accessed: 03.01.2026).

Kazakhstan national team up two positions in the FIFA rankings. Available via the link: <https://kff.kz> (Accessed: 03.01.2026).

Kazakhstan men's national ice hockey team. Available via the link: <https://en.wikipedia.org> (Accessed: 03.01.2026).

V rejtinge samyh sportivnyh stran mira Kazahstan zanjat 30-e mesto. Dostupno po ssylke: https://www.kt.kz/rus/sports/v_rejtinge_samih_sportivnih_stran_mira_kazahstan_zanjat_30e_mesto_1153615483.html (Data obrashhenija: 03.01.2026). [in Russian]

USA still tops Global Cup, China, France battle for second place. Available via the link: <https://greatestsportingnation.com> (Accessed: 03.01.2026).

Paris 2024 Olympic Games. International Olympic Committee. Available via the link: <https://olympics.com/en/paris-2024>. (Accessed: 03.01.2026).

Olimpiadalyk medal'dar, rekordtar zhane tarihi zhetistikter: mausym korytyndysy. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://olympic.kz/kk/article/32490-olimpiyskie-medali-rekordy-i-istoricheskie-dostizheniya-sportivnye-itogigoda> (Karalghan kuni: 03.01.2026). [in Kazakh]

Zhazgy Olimpiada ojyndary. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://olympic.kz/kk/event/xxxiii-letnie-olimpiyski-igry> (Karalghan kuni: 03.01.2026). [in Kazakh]

Letnie Olimpijskie igry. Dostupno po ssylke: <https://olympic.kz/kk/game/40-parizh-2024> (Data obrashhenija: 03.01.2026). [in Russian]

Parizh Olimpiadasyndagy Kazakstannyn natizheleri turaly adamdardyn pikiri. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://demos.kz/infographics-what-people-think-of-the-kazakhstan-results-at-the-paris-olympics?lang=en> (Karalghan kuni: 03.01.2026). [in Kazakh]

Toқаев, K. Bokstan Alem chempionatynyn zhenimpazdary men zhuldegerlerin marapattau rasimine katysty. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://www.gov.kz/memleket/entities/tsm/press/news/details/1070815> (Karalghan kuni: 03.01.2026). [in Kazakh]

Kazakstan Respublikasy Prezidentinin resmi sajty (Akorda). Memleket basshysy World Boxing prezidenti

Gennadij Golovkindi kabyldady. Silteme arkyly қол zhetimdi: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-world-boxing-prezidenti-gennadiy-golovkindi-kabyldady-25105951> (Karalghan kuni: 03.01.2026). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Дюсембекова М. – саяси ғылымдар кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Жанпейісова Қ. – саяси ғылымдар кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Акимов О. – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Дюсембекова М. – кандидат политических наук, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Жанпейісова Қ. – кандидат политических наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Акимов О. – PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.


Dyussembekova M. – Candidate of Political Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Zhanpeiisova K. – Candidate of Political Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Akimov O. – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ПРЕДПОСЫЛКИ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ КИТАЙСКОЙ НАРОДНОЙ РЕСПУБЛИКИ

А. Ланьдэлонг¹ , А.Т. Гаухар²

¹*Белорусский государственный экономический университет, Минск, Беларусь*

²*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

E-mail: landelong.a@gmail.com, almas.gaukhar1984@gmail.com

Аннотация. В статье рассматривается генезис стратегии инновационного развития Китайской Народной Республики в контексте социалистического строительства и реформ. Показано, что инновационное развитие в Китае не является спонтанным явлением, а формировалось последовательно на протяжении нескольких поколений политического руководства страны – от периода становления КНР до «Новой эпохи социализма с китайскими особенностями». Анализируется эволюция взглядов партийных лидеров на роль науки, технологий и инноваций в социально-экономическом развитии, а также институциональные и политические условия формирования национальной инновационной системы. Особое внимание уделено трансформации инновационной политики от заимствования зарубежных технологий к развитию самостоятельных инноваций, усилению роли предприятий и формированию инновационной экосистемы. Делается вывод о ключевой роли инноваций как стратегической опоры модернизации экономики Китая и повышения его глобальной конкурентоспособности.

Комплексный анализ генезиса инновационной стратегии КНР подтверждает, что технологическая модернизация страны является результатом долгосрочного партийно-государственного планирования, органично сочетающего социалистическое строительство с институциональными реформами. Таким образом, китайский опыт демонстрирует синергию активной роли государства и эволюционирующей национальной экосистемы, где инновации выступают главным политическим и экономическим инструментом обеспечения глобальной конкурентоспособности страны.

Ключевые слова: инновационное развитие, инновационная стратегия, национальная инновационная система, Китай, реформы и открытость, научно-технический прогресс.

Введение

Многолетний лидер международной торговли и вторая по масштабам экономика мира, современный Китай еще в начале XXI в. поставил задачу становления в течение трех-четырёх десятилетий ведущей инновационной державой. Китай успешно осуществил политику реформ и открытости, ускоренно пройдя индустриализацию и стадии роста, основанные на ресурсах и инвестициях, период «догоняющего» развития. В стране сложилась система мышления, нацеленная на инновации при этом каждое поколение политических лидеров постепенно продвигало идею инновационного развития, что позволило выделить генезис идей инновационного развития в стране. Повсеместное совершенствование инфраструктуры научных исследований и увеличение их финансирования вместе с другими факторами развития НИОКР позволили Китаю в короткие сроки войти в ряд ведущих научных и инновационных держав мира. В период с 2012 по 2023 гг. Китай переместился с 34 на 12 место в Глобальном инновационном индексе [1].

Материалы и методы исследования.

Китай придерживается централизованного подхода к инновационной политике, который был формализован в 2006 г. с принятием среднесрочного и долгосрочного планов развития науки и технологий, в которых была поставлена политическая цель Китая – стать «инновационно-ориентированным обществом» и, в будущем, мировым лидером в области научно-технических инноваций.

С 2012 г. инновации в Китае развиваются скачкообразно. В настоящее время они стали основной движущей силой экономического развития страны. Особенно большой вклад внесли высокотехнологичные отрасли [2]. Лю Т. и Ли Ю отмечают, что устранение внутренних административных барьеров и повышение эффективности использования ресурсов и энергии также будет способствовать трансформации из экономики, ориентированной на факторы производства, в экономику, ориентированную на инновации [3]. Со стороны предложения это улучшит качество и эффективность системы поставок и будет способствовать общему экономическому развитию. Ву Ф. считал, что правительству следует сочетать инновационную стратегию с механизмом патентной защиты [4]. Б.А. Салим, Арши Т.А., Рао В., Тевари В. в своем исследовании отмечают, что ключ к тому, чтобы Китай стал глобальной инновационной державой, лежит в инновационной экосистеме и в этом играют роль меры политики, ориентированные на продвижение научных и технологических инноваций [5].

Партийные руководители всех поколений, возглавлявшие процесс социалистической революции, строительства и развития КНР, всегда анализировали конкретные проблемы и создали новую политику, сочетая марксизм с конкретной практикой Китая, что помогло народу достигать новых побед.

В период демократической революции Мао Цзэдун возглавил партию, впервые сочетавшую марксизм и китайскую реальность, и создал Китайскую Народную Республику, утвердил социалистический строй, предложил стадиальную теорию социалистического общества, создал независимую, довольно целостную экономику народного хозяйства, открыв новую эру в истории Китая. Под руководством Дэн Сяопина инновационная практика была перенесена с революционной на экономическую. Реформа экономической системы и развитие экономики стали новым историческим этапом, смелым экспериментом, сочетающим основы марксизма с конкретной практикой в области политики, экономики, культуры и образования в Китае. Если говорить о новаторских теориях и практиках Дэн Сяопина, то экономическая система управления была ее главной темой. Новое поколение партийного руководства, с Цзян Цзэмином во главе, в новаторских теориях и практиках больше акцентировало внимание на научно-техническом прогрессе. Наука и технологии стали играть важную роль в экономическом и социальном развитии, повышая вклад науки в экономику. Концепция устойчивого развития была представлена на основе обобщения опыта развития иностранных стран и активного адаптирования к новым требованиям национального развития [6].

В «Новой эпохе китайского социализма с китайскими особенностями» Си Цзиньпин отмечает важность научно-технического прогресса в достижении гармоничного развития человека и общества, а также в реализации «китайской мечты» о великом возрождении китайской нации. Он акцентирует внимание на инновационном развитии в экономике, обществе, культуре и образовании, более активно подчеркивая

значимость ценностей, ориентированных на человека, призывая к автономному инновационному развитию и кооперации в области инноваций, а также к устойчивому развитию инноваций [7].

Развитие экономики Китая на протяжении последних лет – это история постоянного освобождения и развития производительных сил через реформы. Дэн Сяопин указал на то, что «реформы являются второй революцией в Китае», а суть реформ заключается в устранении препятствий для развития социалистической производительной силы, чтобы Китай смог преодолеть свою бедность и отставание. В новой эпохе Си Цзиньпин активно выступает за более активное и глубокое проведение реформ, подчеркивая, что «наша страна достигла сегодняшнего развития и высокого уровня благосостояния благодаря высокой степени слияния развития и реформ. Каждый новый этап развития требует новой волны реформ, которая обеспечит новую силу для дальнейшего развития». Поэтому, сталкиваясь с современной сложной международной и внутренней обстановкой, необходимо выдвигать реформу на передний план, ясно понимая, что реформы необходимы, а медленные реформы недопустимы в условиях современного давления.

Новая эра требует достижения средневысокого темпа экономического роста, постоянного усовершенствования институтов, повышения уровня и качества жизни народа, что невозможно без инноваций. С одной стороны, инновации способствуют развитию. Развитие требует субъекта, объекта, средств и инструментов, а также творческих мыслительных способностей и духа инновации. Другими словами, инновации стимулируют развитие, и для этого необходимо дальнейшее развитие способностей человека к инновациям. Из практики строительства социализма в Китае следует, что без инноваций не было бы открытия и развития рыночной экономики и социалистической рыночной экономической системы. С другой стороны, развитие может стимулировать инновации. Инновации – это «новая комбинация факторов», которые требуют инвестиций в интеллектуальные, капитальные и трудовые ресурсы, а развитие обеспечивает неуклонный рост материальной базы, политических условий и культурного знания для инноваций [6].

Концепция развития социализма с китайскими особенностями на разных этапах экономического развития Китая сосредоточена на основной задаче социализма на первой стадии и сфокусирована на стратегических задачах экономического развития в разные периоды. Доклад XII съезда КПК 1982 г. определил ключевые направления экономического развития, такие как сельское хозяйство, энергетика, транспорт, образование, наука [8]. Доклад XIII съезда подчеркнул, что наука и образование должны стать первоочередными задачами стратегии развития, а развитие сельского хозяйства, основных строительных объектов, энергетике, сырьевых отраслей, транспорта и связи являются ключевыми направлениями развития [9]. Доклад XIV съезда подчеркнул необходимость регулирования и оптимизации структуры отраслей экономики и необходимости выделения развития сельского хозяйства, базовой промышленности, базовой инфраструктуры, третичного сектора, научно-технического прогресса и образования [10]. Доклад XV съезда сосредоточен на совершенствовании рыночной экономики, укреплении сельского хозяйства, развитии науки и техники, стратегии устойчивого развития и др. [11].

В отличие от Майкла Портера, который рассматривает инновационное развитие как этап развития экономики страны [12], в Китае стратегия развития на основе инноваций воспринимается как важная опора для углубления реформ и построения современной экономической системы [6]. Однако в настоящее время отсутствует теоретическое исследование концепции стратегии инновационного развития, а также анализ процесса ее формирования, условий, особенностей и т.д.

One of the fundamental pre-Islamic belief systems of the Turkic peoples was shamanism. Its remnants can still be observed among the Karluks. Evidence of this can be found in the widespread early medieval legends about “magical stones” (Syzdykov, 2014, p. 203). In the *Dīwān Lughāt al-Turk*, the word *yat* is used to denote the practice of invoking natural phenomena such as rain and wind with the aid of such stones (MK, III, p. 221). Mahmud al-Kashgari notes that this custom was widespread among the Turks, especially among the Yaghma. He recalls witnessing the practice himself: “When a fire broke out, they performed this incantation to extinguish it. By the power of the Great Tengri, snow fell in summer before my very eyes and put out the fire” (MK, III, p. 10). Kashgari further explains: “This is a well-known tradition among the Turks. By reciting prayers over the magical stone, with the might of the Great Tengri, they can raise the wind, bring rain, or summon cold” (MK, II, p. 513). He also records the lexeme *kaŝ* to describe a stone of white or black color, a pure and polished mineral. He cites the proverb: *Kimiıj bile kaŝ bolsa yaŝın yakmas* – “Lightning will not strike the one who carries a *kaŝ* stone” (MK, III, p. 33). Kashgari explains that people would mount such stones into rings: “Whoever receives such a ring as a gift will not be struck by lightning, for that is its nature. If the stone is wrapped in cloth and thrown into fire, neither the cloth nor the stone will burn—this has been tested. If a thirsty man puts it in his mouth, his thirst will be quenched.” In the Dictionary of the Old Turkic Language, the lexeme *kaŝ* is defined as “the mineral jade” (DTS 1969, p. 431). Among the Kazakhs as well, traditions survive of the “magical stone” (*jaun tas*), believed to be cast down from the sky during times of war. By means of such a stone, the *jadyschy* (sorcerer) was thought to bring down rain, snow, or lightning upon the enemy army. Legends about these stones are found not only among the Oghuz, Karluk, and Kipchak, but also in Chinese and Arabic sources. Chinese chronicles even trace them back to the Hunnic era (Syzdykov, 2014, p. 203).

A study of the manuscript’s language demonstrates that in the eleventh century, within the Turkic world—specifically among the Karluk tribal union and in the Karakhanid state—several religious beliefs coexisted alongside Islam. In the *Dīwān Lughāt al-Turk*, Buddhism appears under the lexeme *burhan* (MK: I: 494), while its high-ranking religious leader is referred to as *toyn*. For example, the phrase *toyn burhanka yüküندی* – “the monk bowed to the

idol” (MK, III, p. 119). Mahmud al-Kashgari explains the term *toyın* as “the religious head of non-Muslims, equivalent to our imams and muftis; the monk always stands before the idol, reading their books and the decrees of the infidels.” He also cites the proverb: *Bir toyın başı ağrısa kamug toyın başı ağrımaz* – “If the head of one monk aches, not all monks’ heads will ache” (MK, III, p. 232). This saying, used figuratively, was applied among companions at a meal: if one person refrains from eating out of courtesy, others are invited to continue. The inscription also preserves a proverb critical of non-Muslims: *Toyın tapuysak, teŋri sevinšsiz* – “Though the monk worships, Tengri takes no delight” (MK, III, p. 504). This reflects the notion that non-Muslim religious leaders worshipped the Great Tengri, yet their worship did not please Him. Although the *Diwān* provides only limited data on non-Muslim religions, it does record references to Christianity: their fasting is denoted by the lexeme *paçak* (MK, I, p. 471), and their grave is expressed by *subuzgan* (MK, I, p. 575).

Since humankind lives within particular dimensions of space and time, these categories function as universal concepts that complement and deepen one another. As B.M. Tileberdiyev observes: “The mental essence of space determines its conceptuality, that is, in the conceptual and linguistic consciousness of a person, mental essence operates primarily in the form of concepts. We consider space to represent a generic concept in linguistic consciousness. Its structure includes such concepts as ‘sky,’ ‘earth,’ ‘water,’ and ‘mountain,’ each of which can be subdivided into further conceptual units” (Tileberdiyev, 2006, p. 20). Accordingly, in the worldview and linguistic consciousness of the medieval Turks, the concept of space also belongs to the class of macroconcepts, consisting of multiple microconcepts. For the Turkic peoples, mastering the mysteries of their environment and understanding the phenomena of the inhabited space, while correlating these with time, was a fundamental condition for survival and existence.

In the language of the monument, the concept of “time” is expressed through the lexemes *šer*, *türk*, and *köš*. In the dictionary, time is represented in the Oghuz dialect by the word *šer*, as in *bu šerlikde kel* – “come at this time” (MK, I, p. 381). Another lexeme used to denote time is *türk*, which signifies the season when fruits have ripened and reached full maturity. For example, *türk üzüm ödi* – “the time of ripened grapes,” and *türk yigit* – “a young man who has reached the age of maturity” (MK, I, p. 410). In addition to these, the word *köš* is also employed with the meaning “moment, time,” as in *bir köš küdhgil* – “wait for a moment” (MK, I, p. 380).

A. Seidimbek classifies the traditional Turkic perception of time into four categories: (1) ecological time, (2) genealogical time, (3) situational time, and (4) historical time (Seidimbek, 1997, p. 20). Within the category of historical time, the measurement of time was understood through the calendar system, year reckoning, and the *müşel* (twelve-year cycle). In the language of the written monument, a legend is preserved concerning the origin of the medieval Turkic system of year reckoning. It says: “One of the Turkic khagans once attempted to analyze a battle that had taken place several years earlier, but when determining the year in which it occurred, he made an error. Discussing this matter with his people at the council, the khagan declared: ‘Just as we erred in dating this event, so too will our descendants make the same mistake. Therefore, let us base our reckoning on the twelve months and the twelve constellations in the sky, and assign each year the name of an animal. From now on, the cycle of years will be calculated according to these names, and this will remain among us forever as a legacy.’” To put this decision into practice, the Khagan organized a great hunt, ordering that all wild animals be driven toward the Ili River, a large and fast-flowing stream. As the animals were chased, some leapt into the water. Twelve species managed to swim across, and their names were assigned to the twelve years of the cycle. The first to cross was the *siškan* (“rat/mouse”), so the cycle began with the “Year of the Rat” (*siškan yılı*). The subsequent years were named as follows: *Ud yılı* – Year of the Ox; *Bars yılı* – Year of the Leopard/Tiger; *Tavišyan yılı* – Year of the Hare; *Nek yılı* – Year of the Crocodile/ Dragon (the “Luu/Dragon Year”); *Yılan yılı* – Year of the Snake; *Yund yılı* – Year of the Horse; *Koy yılı* – Year of the Sheep; *Bišin yılı* – Year of the Monkey; *Takaŋu yılı* – Year of the Rooster; *It yılı* – Year of the Dog; *Toŋuz yılı* – Year of the Boar/Pig (MK, I, p. 403). Mahmud al-Kashgari further notes that medieval Turkic peoples believed each year carried particular qualities. For instance, because oxen often lock horns, it was thought that wars would be frequent in the Year of the Ox. In the Year of the Rooster, however, provisions would increase and people’s livelihoods would prosper. Kashgari also specifies: “This book was written in the month of Muharram of the year 466, which was the Year of the Snake. As this year ends and the year 467 begins, the Year of the Horse will enter. The reckoning of years follows the order we have set forth” (MK, I, p. 403).

Because the Turkic people lived in close harmony with nature, their worldview and way of life developed in direct connection with the natural environment. Mahmud al-Kashgari records that the nomadic Turks divided

the year into four seasons, with each season consisting of three months, each bearing its own name. The early spring month was called oylaq ay (“the month of the kid”), the following month uluy oylaq ay (“the month when the kid grows large”), and the third month uluy ay (“the great month”) (MK, I, p. 405). Kashgari explains that the designation uluy ay (“great month”) was associated with mid-summer, when the earth became full of abundance: pastures flourished, livestock regained strength and grew fat, and milk production increased, signaling a season of plenty. He also notes that the Turks did not have names for the seven days of the week; the concept of the “week” only became known with the spread of Islam (MK, I, p. 403).

For the medieval Turks, livestock were the very foundation of life, yet the survival and prosperity of the four types of livestock depended on specific spaces (pastures) and particular times (seasons). Accordingly, in the language of the *Dīwān Lughāt al-Turk*, we find expressions that mark time in relation to animal husbandry: At tuşayu boldı – “It is time to hobble the horse,” At boşuğu boldı – “It is time to release the horse” (MK, I, p. 505), Koy kügi boldı – “It is time for the sheep to breed” (MK, III, p. 188). Similarly, the phrase Ol koy tülekinde keldi – “He came when the sheep were lambing” (MK, I, p. 446) indicates a specific seasonal period, namely spring, when lambing occurs. In the Kazakh language, seasonal time is still expressed through livestock-related imagery: mal otyyar kez – “the time when the livestock graze freely” (when people move from winter quarters to summer pastures and the herds are surrounded by lush grass), qozy piser kez – “the time when lambs are ready for slaughter” (in summer pastures, when the lambs born in spring have grown to maturity), and mal ayaqtanar kez – “the time when livestock become strong on fresh pasture” (when animals feed on new grass in early spring, and young lambs grow strong and steady on their feet). Such expressions demonstrate how closely the temporal worldview of the Turkic peoples was bound to the rhythms of pastoral life.

Conclusion

An analysis of the language of the *Dīwān Lughāt al-Turk* shows that the medieval Turkic peoples’ knowledge of space was rooted in the worldview of the ancient Turks. Their understanding of space derived from efforts to grasp the mysteries of natural phenomena, to adapt to environmental conditions, and to facilitate human life through the development of their traditional occupation—animal husbandry.

L.M. Dmitriyeva, in her study of the toponymic system of the Altai, provides the following characterization of space: “In the toponymic image of the world, the category of ‘space’ occupies a particularly important place, since it is a fundamental category in the relationship between human beings and reality. The concept of ‘space’ functions as an integral part of toponymic consciousness, representing the reflection of inner mental perception and its linguistic expression, and thus plays a central role in the toponymic worldview” (Dmitriyeva, 2003, p. 9).

The ability of medieval Turks to master both vertical and horizontal orientations of space is evident in Mahmud al-Kashgari’s circular map, preserved in his monument. This cartographic drawing is considered the earliest Turkic map. Its circular shape demonstrates that the spherical nature of the earth, filled with mysteries and wonders, was not an unfamiliar idea for the Turks. The map provides precise details on the cities, settlements, mountains, rivers, lakes, and seas in the territories inhabited by Turkic tribes - from Rum (Byzantium) to Machin (China). Kashgari also offers descriptions of these regions, addressing their size, boundaries, languages, and geographical features.

As T. Zhanuzakov and Q. Rysbergen note in their research on onomastic space: “Onomastic space is generally composed of the names and designations of real and imagined entities as marked by the linguistic resources of any people or community - that is, by onymic units. These names reflect the ‘linguistic model of the world’ of the given people, formed over centuries of worldview development and national cognition, and they distinguish the surrounding environment accordingly” (Zhanūzaqov& Rysbergen, 2004, p.6).

In this respect, the place names preserved on Kashgari’s map, which reflect the worldview and pathways of the medieval Turkic peoples, constitute invaluable cultural treasures. They continue to hold untapped potential for deepening our understanding of Turkic history and ethnolinguistic heritage.

Religious consciousness occupied a central place in the worldview of the medieval Turks. Their spiritual and cultural universe - encompassing beliefs about the Creator, the origin of humankind, life and death, time and space, justice, the pursuit of a worthy life, Turkic identity and thought, and systems of values - demonstrates how the foundational Tengriist idea of the ancient Turks became interwoven with Islam in a harmonious synthesis. Through his

monumental work *Dīwān Lughāt al-Turk*, Mahmud al-Kashgari established a bridge of spiritual continuity between the Turkic worldview and Islam, showing their points of convergence and mutual reinforcement.

Financing information. The study is carried out in the framework of project research AP22786207 «Scientific-Methodological and Applied Issues of Kashgar Studies: Investigating the Written Monument *Dīwān Lughāt al-Turk* as a Linguistic Factor in the Revitalization of National Consciousness».

References

1. Қайдар, Ә. (1998) Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы: Ана тілі, б. 304.
2. Орыбеков, М. (1996) Ежелгі қазақтың дүниетанымы. Алматы: Ғылым, б.168.
3. Есім, Ғ. (2004) Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік. Алматы: Раритет, б. 320.
4. Кляшторный, С.Г. (1977) Мифологические сюжеты в древнетюркских памятниках. Тюркологический сборник. М.: Наука, стр. 131-136.
5. Кенжетай, Д. (2005). Қазақстандағы ислам философиясының негізгі өкілдері. Ислам философиясы, 4, бб. 45-63.
6. Сейдімбек, А. (1997) Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау. Алматы: Санат, б. 464.
7. Исабекова, Ұ.К. (2011) Орта ғасырдағы түркі тілдерінің даму тарихы. Астана: Сарыарқа, б. 223.
8. Yeskeyeva, M.K., Kupayeva, A.K., Kossybayev, M.M. (2023) Paremiological sources of the religious culture of yellow Uighurs in the process of assimilation. *European Journal of Science and Theology*, 19(4), pp. 57-69.
9. Қайдар, Ә. (2013) Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Алматы: Сардар, б. 728.
10. Clauson, G. (1972). *An etymological dictionary of pre-thirteenth-century Turkish*. Oxford: Oxford University Press.
11. Сыздықов, С. (2014) Қарлық-Қарахан мемлекеттері: саяси тарихы және мәдени мұралары. Астана: Фолиант, б.
12. Тілеубердиев, Б. (2006) Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. Алматы, б. 280.
13. Дмитриева, Л.М. (2002) Онтологическое и ментальное бытие топонимической системы (на материале русской топонимии Алтая). Барнаул: Алтайск. гос. ун-та, с. 254.
14. Жанұзақ, Т., Рысберген, Қ. (2004) Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. Алматы: Азия, б. 128.
15. Kaşgarlı, Mahmut. (1985). *Divanü Lûgat-it-Türk Tercümesi* (Vols. I-IV, B. Atalay, Trans.). Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. (2nd ed.).
16. Қашқари, М. (2017) Түрік сөздігі. 1-том. Аударған А. Егеубай. Алматы: Арда+7, б. 592.

М.М. Қосыбаев

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: mirrau13@mail.ru)*

«Диуани лұғат ит-түрк» сөздігі негізінде орта ғасырлық түркі дүниетанымының этнолингвистикалық және мәдени аспектілері

Аңдатпа. Мақалада Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» атты тарихи-лексикографиялық еңбегі негізінде ортағасырлық түркі халықтарының дүниетанымы этнолингвистикалық және мәдени тұрғыдан қарастырылады. Қарастырылып отырған зерттеу тілдік деректерде көрініс тапқан көне түркілік дүниетанымның дәстүрлердің, наным-сенімдер жүйесі мен әлеуметтік құрылымның концептуалды негіздерін зерделейді. Лексикалық бірліктер мен паремиологиялық формаларға (мақал-мәтелдерге) семантикалық және мәдени талдау жасау арқылы түркі халқының рухани мұрасы мен мәдени коды айқындалады. Этнолингвистика және когнитивті лингвистика пәндерінен алынған әдіснамаларды қолдана отырып, бұл зерттеу ортағасырлық түркі қоғамының тіл арқылы ашылған ділі мен дүниетанымдық құрылымына ғылыми түсіндірме ұсынады. Осы зерттеудің мақсаты екі жақты: біріншіден, тіл арқылы

түркі мәдениетін түсінуге үлес қосу болса, екіншіден, ұлттық концептосфераны анықтау болып табылады. «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінің тілдік мәліметтеріне сүйене отырып, бұл зерттеу ортағасырлық түркі дүниетанымының этнолингвистикалық және мәдени өлшемдерін, әсіресе кеңістікті концептуалды қабылдау мен діни сабақтастық мәселелерін талдайды. Талдау нәтижелері көрсеткендей, көне түркілердің тік және көлденең кеңістікті бағдарлау түсінігі ежелгі дәстүрлерге, табиғи ортаға бейімделуге және көшпелі мал шаруашылығына тікелей байланысты болған, бұл Махмұд Қашқаридың жаңашыл дөңгелек картасынан айқын көрінеді. Сонымен қатар бұл картографиялық және ономастикалық мұра түркі тайпаларының кеңістіктік санасын көрсететін күрделі «дүниенің тілдік моделін» айғақтайды. Мақалада осы географиялық пайымдаулармен қатар ортағасырлық түркілердің рухани әлемі де қарастырылып, ондағы негізгі тәңірлік наным-сенімдердің ислам қағидаттарымен өзара үйлесімді тоғысуы ерекше атап өтіледі. Осылайша «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегі түркілік мәдени бірегейлік пен этнолингвистикалық мұраның тарихи даму жолына терең бойлауға мүмкіндік беретін рухани сабақтастықтың маңызды алтын көпірі саналады.

Түйін сөздер: Махмұд Қашқари, «Диуани лұғат ит-түрк», түркі дүниетанымы, дүниенің тілдік моделі, мәдени концепт, көне түркі тілі, этнолингвистика, тіл және таным.

М.М. Косыбаев

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
(E-mail: mirrau13@mail.ru)*

Этнолингвистические и культурные аспекты средневекового тюркского мировоззрения на основе словаря «Дивани лугат ит-тюрк»

Аннотация. В статье на основе историко-лексикографического труда Махмуда Кашгари «Дивани лугат ит-тюрк» этнолингвистически и культурно рассматривается мировоззрение средневековых тюркских народов. Представленное исследование изучает концептуальные основы древнетюркского мировоззрения, традиций, системы верований и социальной структуры, нашедшие отражение в языковых данных. Путем проведения семантического и культурного анализа лексических единиц и паремиологических форм (поговорок и пословиц) выявляются духовное наследие и культурный код тюркского народа. Используя методологии, заимствованные из таких дисциплин, как этнолингвистика и когнитивная лингвистика, данное исследование предлагает научное объяснение менталитета и мировоззренческой структуры средневекового тюркского общества, раскрывающихся через язык. Цель данного исследования двояка: во-первых, внести вклад в понимание тюркской культуры через язык, а во-вторых, определить национальную концептосферу. Опираясь на языковые сведения труда «Дивани лугат ит-тюрк», данное исследование анализирует этнолингвистические и культурные измерения средневекового тюркского мировоззрения, особенно вопросы концептуального восприятия пространства и религиозной преемственности. Результаты анализа показывают, что представления древних тюрков о вертикальной и горизонтальной пространственной ориентации были напрямую связаны с древними традициями, адаптацией к природной среде и кочевым скотоводством, что отчетливо видно на новаторской круглой карте Махмуда Кашгари. Кроме того, это картографическое и ономастическое наследие свидетельствует о сложной «языковой картине мира», отражающей пространственное сознание тюркских племен. В статье наряду с этими географическими суждениями также рассматривается духовный мир средневековых тюрков, и особо отмечается гармоничное переплетение в нем базовых тенгрианских верований с исламскими догматами. Таким образом, труд «Дивани лугат ит-тюрк» считается важным золотым мостом духовной преемственности, позволяющим глубоко проникнуть в исторический путь развития тюркской культурной идентичности и этнолингвистического наследия.

Ключевые слова: Махмуд Кашгари, «Диван лугат ит-тюрк», тюркское мировоззрение, языковая картина мира, культурный концепт, древнетюркский язык, этнолингвистика, язык и познание.

References

1. Kajdar, A. (1998) Kazak tilinin ozekti maseleleri. Almaty: Ana tili, b. 304. [in Kazakh]
2. Orynbekov, M. (1996) Ezhelgi kazaktyn duniyanymy. Almaty: Gylym, b.168. [in Kazakh]
3. Esim, G. (2004) Madeni-filosofijalyk jenciklopedijalyk sozdik. Almaty: Raritet, b. 320. [in Kazakh]
4. Kljashtornyj, S.G. (1977) Mifologicheskie sjuzhety v drevnetjurkskih pamjatnikah. Tjurkologicheskij sbornik. M.: Nauka, str. 131-136. [in Russian]
5. Kenzhetaj, D. (2005). Kazakstandagy islam filosofijasynyn negizgi okilderi. Islam filosofijasy, 4, bb. 45–63. [in Kazakh]
6. Sejdimbek, A. (1997) Kazak alemi: jetnomadeni pajymdau. Almaty: Sanat, b. 464. [in Kazakh]
7. Isabekova, U.K. (2011) Orta gasyrdagy turki tilderinin damu tarihy. Astana: Saryarka, b. 223. [in Kazakh]
8. Yeskeyeva, M.K., Kupayeva, A.K., Kossybayev, M.M. (2023) Paremiological sources of the religious culture of yellow Uighurs in the process of assimilation. European Journal of Science and Theology, 19(4), pp. 57–69.
9. Kajdar, A. (2013) Kazaktar ana tili aleminde: jetnolingvistikalyk sozdik. Almaty: Sardar, b. 728. [in Kazakh]
10. Clauson, G. (1972). An etymological dictionary of pre-thirteenth-century Turkish. Oxford: Oxford University Press.
11. Syzdykov, S. (2014) Karlyk-Karahan memleketteri: sajasi tarihy zhane madeni muralary. Astana: Foliant, b. [in Kazakh]
12. Tileuberdiev, B. (2006) Kazak onomastikasynyn lingvokonceptologijalyk negizderi. Almaty, b. 280. [in Kazakh]
13. Dmitrieva, L.M. (2002) Ontologicheskoe i mental'noe bytie toponimicheskoy sistemy (na materiale russkoj toponimii Altaja). Barnaul: Altajsk. gos. un-ta,s. 254. [in Russian]
14. Zhanuzak, T., Rysbergen, K. (2004) Kazak onomastikasy: zhetistikteri men bolashagy. Almaty: Azija, b. 128. [in Kazakh]
15. Kaşgarlı, Mahmut. (1985). Divanü Lûgat-it-Türk Tercümesi (Vols. I-IV, B. Atalay, Trans.). Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. (2nd ed.). [in Turkish]
16. Kashkari, M. (2017) Turik sozdigi. 1-tom. Audargan A. Egeubaj. Almaty: Arda+7, b. 592. [in Kazakh]

Information about the author(s):


Kossybayev M.M. – PhD, Faculty of International Relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Қосыбаев М.М. – PhD, Халықаралық қатынастар факультеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Косыбаев М.М. – PhD, Факультет международных отношений, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ҚАРАШАЙ ЖӘНЕ БАЛҚАР ХАЛЫҚТАРЫ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Ә.Қ. Шапауов¹ , Р.Ж. Алимбеков²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²К. Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: shapau@mail.ru, rzhumasil@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қарашай және балқар драматургиясының тарихнамасы, жеке ғылыми бағыт ретінде зерттеле бастауы, хронологиясы, бағыт-бағдары, оны зерттеуге қосқан ғалымдардың үлесі баяндалады. Ғылыми еңбектерде қарашай-балқар драматургиясы – Солтүстік Кавказ халықтарының әдебиеттану, театртану, өнертану ғылым саласындағы өте қажетті бағыттардың бірі, және ұлттық театр мен сахна өнерің бастау алып, халықтың тарихи-мәдени өмірін, тұрмыс-тіршілігін, болмысын, дүниетанымын көркем бейнелей отырып, халықтың тарихи жадын орнықтырып, ұлттық рухын көтерудегі орнын жаңа ғылыми парадигма негіздерін қолдана отырып зерделенгені қарастырылады. Қарашай-балқар драматургиясының дамуына ХХ ғасырдың 20-30 жылдарынан бастап кеңестік идеологияның әсері мықтап орнады. Бұл кезеңде қалыптасып келе жатқан жаңа қоғамның идеяларын насихаттайтын, еңбектің адамын дәріптеп көрсететін пьесалар қатары көбейіп, сонымен қатар ұлттық сана мен тарихи-мәдени, салт-дәстүр тақырыптары елеусіз, сирек көрсетіліп отырғаны да баяндалады. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап драматургия жаңа дамуы сатысына көтеріліп, ұлттық ерекшелік, орын алған әділетсіздік жойылып, әділеттілікті қалпына келтіру, халықтың тағдыр-тауқыметін, мәдени сабақтастық мәселелерін көтеріп, сахнаға шығарып, көркем тілде бейнелеу негізгі тақырыптарға өзек болады. Ғылыми мақалада қарашай-балқар драматургиясының қалыптасуы мен дамуы, кеңестік дәуір мен тәуелсіздік кезеңдегі драматургияның зерттелуі, оның көркемдік, жанрлық, идеологиялық ерекшеліктері, бағыт-бағдары кеңінен қарастырылып, балқар драматургиясының бастау көзі халық ауыз әдебиеті мен эпикалық дәстүрлерден нәр алып, фольклорлық мотивтердің сахналық үлгіде көрініс табуы жайында терең талдаулар жүргізіледі. Қаһармандық жыр-дастандар, халық ертегілері мен аңыздарындағы көркем сюжеттік үлгілер алғашқы сахналық шығармаларға арқау болып, олардың идеялық-эстетикалық түп негізін қалыптастырғаны, және қарашай-балқар драматургиясы көркемдік ізденіс жағынан, тілдік өрнек пен сахналық байлам тұрғысынан түбі бір түркі халықтарының әдеби дәстүрімен ұқсас өркендеп, дамығаны да нақты

Түсті: 03.10.2025; Мақұлданды: 25.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

¹*хат-хабарға жауапты автор

дәлелдермен беріледі. Мақалада қазіргі уақыттағы әдеби сыншылар мен жас ізденуші-ғалымдар заманауи қарашай-балқар драматургиясын жаһандану заманындағы мәдениет, ұлттық бірегейлікті сақтау және тарихи жады мәселелерін сабақтастыра қарастырғаны назарға алынады.

Түйін сөздер: қарашай-балқар драматургиясы, пьеса, театр, мәдениет, өнер, әдебиет, эпос, тарих, фольклор.

Кіріспе

Қарашай және балқар халықтарының драматургиясы – Солтүстік Кавказ аймағындағы төл әдебиеттің құрамдас бөлігі әрі рухани қазынасы. Оның қалыптасу жолы қарашай-балқар әдебиетінің даму кезеңдерімен тығыз астарласып жатыр. Драматургия саласын зерттеуші ғалым Ә. Шапауов: «Қазақ халқымен туыстас Солтүстік Кавказ өңіріндегі түркі тектес ұлттар ноғай, қарашай, балқар, гагауыз, құмық сияқты байырғы аз халықтардың тарихы мен салт дәстүрі, фольклордағы драма жанрының элементтері, ойын-сауық кештердегі шағын сахналық қойылымдары да ерте ғасырлардан бастау алады» деп атап көрсетеді [1, 136 б]. Бұл пайымдаудан бүкіл түркі халықтарында секілді қарашай-балқар драма өнерінің бастауында да халық ауыз әдебиеті, эпикалық дәстүр мен тұрмыс-салт шығармалары тұрғаны анық аңғарылады.

Батырлық жырлар («Нарт эпосы»), тарихи дастандар, халықтық аңыздар драмалық шығармалардың идеялық, көркемдік негізін қалады. Сонымен қатар оның дамуына орыс, шығыс және еуропа дәстүрлі әдебиеті де ықпал етті [2].

Қарашай-балқар драматургиясының кәсіби деңгейге көтерілуі ХХ ғасырдың басынан бастау алады. Бұл кезеңде Кавказ халықтары сияқты қарашай-балқар халқыда театр мәдениетіне ерекше ден қойып, пьесалардың жазылып шығуына алғышарттар жасады. Ұлттық театр сахнасынан алғашқы жазба пьесалар көріне бастады. Алғашқы пьесалар көбінесе халықтық ертегі-әңгімелер мен тұрмыстық салт-дәстүр көріністерін басшылыққа алды. Бұл жайында Б. Борлаков былай дейді: «20-30 жылдары әртүрлі тақырыптарда көптеген драматургиялық шығармалар жазылған. Бұл пьесалар болған оқиғалардың ізін суытпай жазылды сондықтан ол өзектілігімен ерекшеленген. Көптеген пьесалар жоғалған, бірақ кейбір басылып шыққандар немесе қолжазбалары сақталған пьесалар соны дәлелдейді» [3, 3 б].

Балқар драматургиясының қалыптасуының басында драматург Рамзан Геляев тұрды. Оның ең алғашқы шығармасы «Кровавый калым» («Қанды қалың мал»). Қойылымның негізгі мазмұны ХІХ ғасырдың аяғында Балқарияда болған оқиғаға негізделген [4, 77 б]. Бұл кезеңдегі драмалық туындыларда ағартушылық идеясы, әлеуметтік теңдік, халықты жаңа тұрмысқа бейімдеу сынды мәселелер көбірек көтерілді.

Дегенмен, Ресейдің отарында болған аз ұлттар сияқты қарашай және балқар халықтарының драматургиясы да өзінің эволюциялық даму жолында күрделі әрі қиын тағдырды басынан өткерді. Отарлық идеология, ІІ-дүниежүзілік соғыс, депортация, жаңа қалыптасып келе жатқан драма және театр өнерінің дамуына өзінің кері әсерін тигізбей қоймады. Идеологиялық және тағы басқа қысымдардың ауыртпалығына қарамастан шығармашыл авторлар ұлттық драмалық мұраны қайта түлетіп, жаңа мазмұн беріп, қазіргі оқырмандардың да сұранысына ие көрнекті көркем туындылар жасап, драматургияның дамуына өз үлестерін қосты. Драматург авторлардың халықтың тұрмыс-тіршілігін, сол дәуірдің саяси-идеологиялық бағытын сипаттайтын көркем шығармалары, соның негізінде халыққа ұсынылған сахналық қойылымдар халықтың өмірін өзгертетін идеологиялық құрал және ұлттық құндылықтарды жаңғыртатын басты тетік ретінде де үлкен маңызға ие болды. Алайда, ХХ ғасырдың екінші жартысына дейін осы драматургиялық шығармалардың қарашай-балқар халықтарының руханияты мен мәдениетінің дамуына қалай әсер етті және қандай сахналық қойылым саяси көзқарастарын өзгертуге қаншалықты ықпал етті деген мәселелер тақырыбында бірде-бір зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. Осыдан кейін халық өміріндегі ұлттық драматургияның маңыздылығын ескерген әдебиеттанушы, театртанушы ғалымдар, оның қалыптасуы мен даму бағытын, құндылығын, ерекшеліктерін анықтауды, жан-жақты зерттеуді назарға алады.

Осыған орай мақаланың мақсаты – қарашай-балқар драматургиясының зерттелу тарихын саралай отырып, драматургия жайында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдарды анықтап, олардың

еңбектеріне талдау жасау. Бұл Солтүстік Кавказ аймағындағы түрік халықтары драматургиясы мен театр өнерінің қалыптасып, даму кезеңдерін айқындауға, тарихи, мәдени, әдеби сабақтастығын зерделеуге, сонымен қатар қазіргі мәдени интеграциялық үдерістердің қарқын алып келе жатқан замандағы драматургияның даму ерекшеліктерін және зерттелу бағыттарын көруге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Драматургия әдебиеттану ғылымының бір бөлігі ретінде әдебиеттанушы ғалымдардың тарапынан қарастырылғаны болмаса, жеке ғылыми бағыт ретінде зерттелмей кенже қалған ғылымның саласы.

XX ғасырдың бірінші жартысына дейін қарашай-балқар халқының драматургиясы мен театр өнері жайында зерттеулер жоқтың қасы. Белгілі бір газет-журналда жарияланған мақалалар және арнаулы сахналық қойылымдар мен пьесаларға жазылған рецензиялар жазумен шектеліп келген. Бірі тақырыпқа шолу жасаса, екіншісінде сол кезеңдегі және кейінгі уақыттардағы драматургияның жағдайы көрсетіледі, басқасы қалыптасқан мәселелерді көтергенімен ерекшеленді. Дегенмен, бұндай шағын зерттеулердің дерекнамалық маңызы жоғалған жоқ, керісінше, бұлардың әрқайсысы драматургияны ғылыми тұрғыда ашуға көмекші болды.

Қарашай-балқар драматургиясының ғылыми тұрғыда зерттелуі кеңестік кезеңде басталды. 1950-1960 жылдары әдебиет тарихшылары мен театр зерттеушілері ұлттық сахналық өнердің қалыптасуын сипаттай бастады. Бұл бағыттағы маңызды іргелі ғылыми зерттеу еңбектердің қатарына А.Караева, Б.Борлаков, А.Теппеев, Ф. Урусбиева, А.Сарбашева, З.Хабичева-Боташева сынды ғалымдардың жұмыстарын жатқызуға болады. Жан-жақты талдап, зерттеген бұл ғалымдардың еңбектері қарашай-балқар драматургиясының қалыптасуы мен даму кезеңдерін, жанрлық ерекшеліктерін, тарихи сабақтастығын, көркемдік қақтығыстың даму эволюциясын үндестігін анықтаған, бірін-бірі толықтырған жүйелі зерттеулер деп атауға толық негіз бар.

Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи талдау, мәтіндік және бақылау, саралау әдістері мен тәсілдері негізгі басшылыққа алынды. Сонымен қатар түркі халықтарының драматургиясын, қойылымдарының сахналануын тарихи-мәдени, рухани, әдеби аспектіде қарастырған қарашай-балқар ғалымдарының ғылыми-зерттеу еңбектері зерттеудің негізгі материалдары қатарына жатады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қарашай және балқар халықтары драматургиясын зерттеу XX ғасырдың бірінші жартысынан бастап әдебиеттану ғылымында жүйелі түрде қолға алына бастайды.

Зерттеулердің негізгі басым бөлігін халықтардың этникалық, тарихи және мәдени ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілген еңбектер құрайды.

Мерзімді басылымдарда қарашай-балқар драматургиясының мән-жайы жайындағы өзекті мәселелерді қамтыған материалдар II-Дүниежүзілік соғысқа дейін жариялана бастайды. 1941 жылы Рамзан Геляевтің «Кровавый калым» (Қанды қалым) шығармасы сахналанады. Пьесаның примьерасына орай Нальчик қаласында арнайы конференция ұйымдастырылып, сонда С. Хочуев «Къанлы къалын (Кровавый калым). На сцене пьеса Рамазана Геляева» (1941) [5, 252 б], профессор М. С. Григорьев «Первая пьеса балкарского народа» [6] тақырыбында баяндама жасап, драма мен театрдың өзекті мәселелері жайында сөз етеді. Зерттеуші автордың шығармашылығындағы әйел теңдігі, құқығы жайындағы мәселелерді көркемдік тұрғыда шешудегі новаторлық әдіс-тәсілдеріне тәнті болады. Сондай-ақ, М. С. Григорьевтің бұл жұмысында сахналық қойылым туралы театртанулық талдаулары да кездеседі.

Қарашай-балқар драматургиясының қарқынды дамыған кезеңі деп депортациядан кейінгі уақытты айтуға болады. Бұл кезде жаңа шығармашылық толқын қалыптасып, драматургияда И. Маммеев, И. Боташев, И. Жантуев, А. Теппеев, Ж. Токумаев және басқалар сынды жаңа есімдер шыға бастады. Олар тың туындыларды дүниеге әкеліп, театр өнері мен жалпы мәдениеттің дамуына септігін тигізді. Осы авторлардың пьесасы арқылы жасалған қойылымдарға театртанушылардың талдауы, пікірлері жазылып, басылып шығып көпшілікке тарады және әдеби сында дами түсті.

1960 жылдары ұлттық әдебиеттануда драма өте аз зерттелген. Негізінен сахналық өмірге арналған мақалалар мен рецензиялар басым болды. З.Толгуровтың, Д.Маммеевтің, И.Чиповтың еңбектерінде сахналық қойылымдарға ғана баға беріп, авторлар қатал көрермен ретінде режиссура мен актерлік ойындарға жаңа талаптарын қоюмен шектеледі. Балқар драматургтерінің пьесасы бойынша қойылған спектакелдерге пікірлер орталық басылымдарда да басылып отырды. Бұл 1960 жылдардағы әдеби сында балқар әдебиетіндегі драматургияның даму барысын сипаттайтын алғашқы талдаулардың, зерттеулердің пайда болғанын көрсетеді [7, 7 б].

Бұл және басқада деректер осы тақырыпты зерттеуге ұмтылған ғалымдар үшін құнды материалдар болып есептеледі.

Қарашай-балқар драматургиясы әдебиеттану ғылымының бір бөлігі ретінде шағын зерттеулермен шектеліп отырды. Бірте-бірте ұлттық драматургияның қалыптасуы мен дамуы жөнінде ғылыми-зерттеу еңбектер жарық көрді. Осындай драматургия және оның жанрының алуан түрлі екенін жан-жақты талдап жазған, ғалым Асият Исмаиловна Караева. Ғалымның зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 1966 жылы «Очерки истории карачаевской литературы» [8], деп аталатын ғылыми зерттеу еңбегі Москвада «Наука» баспасынан басылып шығады. Қарашай-балқар драматургиясы бойынша жазылған алғашқы зерттеулердің бірі деп айтуға болады. Онда қарашай драматургиясының қалыптасуы мен дамуы қарастырылады. Әуесқой өнерден, яғни әуесқой қойылымдар, театр ойындарынан кәсіби драматургияға дейінгі жетістіктерді көрсетеді. Алғашқы драматургия саласында өнімді еңбек еткен, көпактылы пьесалар жазған, аударған Гемма Гебенев пен Азрет Уртеневтың қызметін көрсетеді, А.-К. Батчаевтың, А. Коркмазовтың, Ш. Эбзеевтың пьесаларын жан-жақты талдайды. Қарашай драматургиясын зерттеу барасында А. Караева: «Қарашай авторлары өздерінің пьесаларында ең өзекті мәселелерге назар аударып, азаматтық соғыс, ұжымдастыру, зиянды дәстүрлер мен діни ырымшылдықпен, надандықпен, әйелдердің қысым көруіне қарсы күрес сияқты тақырыптар төңірегінде туындылар жазғанын және жаңадан қалыптасып келе жатқан драматургияда жанрлық алуан түрлілік үрдістің көрініс таба бастағанын да» айтады [8, 57 б].

Қарашай-Балқар драматургиясы жайында ғылыми монографиялық еңбектердің бірі ретінде қарашай әдебиеттанушысы Борис Казиевич Борлаковтың жұмысын атап өту маңызды. Оның «Карачаево-балкарская довоенная драматургия» [3] дейтін еңбегінде қарашай және балқар драматургиясының эволюциялық кезеңдерін көрсетіп, оның даму заңдылықтарын талдайды. Тарихи-хронологиялық аспектіде берілген кең көлемді деректі материалдарға сүйене отырып, зерттеуші 1920-1930 жылдардағы ұлттық драматургияның шығу тегін жаңғыртып, драмалық жанрдың ауызша халық шығармашылығымен байланысын анықтап, соғысқа дейінгі драматургияның тарихын зерделейді.

Автор кіріспе бөлімінде қарашай-балқар фольклорындағы драматургия мен театр ойындарының элементтерін қарастырады. Халық бас қосқан жиындарда, тойлар мен ойындарда, адамның жаман әдеттерін экспромтпен өлең шығару арқылы күлкіге айналдыратын «теке» рөлінің маңызына ерекше мән береді. Б. Борлаков 1920-1930 жылдарындағы Г.Гебенев, А.Боташева, А.Ақбаев, М.Байкулов, Х.Каракетов, А.Коркмазов т.б. тудырған таптық-патриоттық тақырыптағы насихаттық сипаттағы пьесаларға қысқаша талдау жасайды.

Монографияның «Әлеуметтік-тұрмыстық драма» дейтін екінші бөлімінде Г.Гебеневтың «Старые адаты и законы», М.Борлаковтың «Несчастливая карачаевская девушка», Х.Байрамукованың «Два сердца», Р.Геляевтің «Кровавый калым» және т.б. пьесаларды қарастырады. Зерттеуші, бұл шығармада тау әйелдерінің туыстары тарапынан жасалған әдлетсіздікке қарсы тұра алатын қабілеттерінің бар екенін көрсетуге тырысқан, деп атап өтеді. Ғалым, Рамзан Геляевтің «Кровавый калым» пьесасындағы өзінің бостандығы мен ары үшін күреске дайын тұратын қарапайым балқар отбасынан шыққан батыл Жансурат дейтін қыздың бейнесі бейнеленген сюжеттік-әңгімелеу моделіне көбірек тоқталады. Ш.Эбзеевтің «Огурлу» және «Алмасты» пьесасының мысалында 1930 жылдардағы комедия жанрының жағдайы жайында талдау жасағаны көпшілік ғалымдардың қызығушылығын тудырды. Сонымен қоса, 1930 жылдағы драматургия туралы теориялық тұжырымдары зерттеушілер үшін маңызды болып саналады. Алайда А.Сарбашева: «Б.Борлаков қарашай авторларының пьесаларына идеялық-тақырыптық талдау жасаумен шектеледі» [7, 9 б] деген пікірін алдыға тартады.

Қарашай-балқар әдебиетінің қалыптасуы мен дамуы туралы балқар тілінде жазылған («Малкъар литератураы историясыны очерклері») «Очерках истории балкарской литературы» [9, 259 б] – дейтін

еңбек жарық көреді. Бұл ұжымдық еңбекті құрастыруға, жарыққа шығуына тікелей А. Теппеев басшылық етеді. Кітаптың басым бөлігін, яғни 9 бөлімін өзі жазып шығады. Соның драматургия бөлімінде ғалым А. Теппеев 30-70 жылдардағы драманы зерттейді. Ол да басқа ғалымдар сияқты балқар халқының бірінші пьессасы Р.Геляевтің туындысына қойылған қойылымның негізгі мазмұнын сөз етеді. Драматургияның қарқынды дами бастаған ХХ-ғасырдың 60-70 жылдары драматургия саласында белсенді қызмет атқарған И. Боташев пен И. Маммеевтің шығармаларына баса назар аударады. Пьесалар мен сахналық қойылымдардың мазмұны, маңызы айтылып, саяси, идеологиялық құндылықтары баяндалады. А.Теппеевтің зерттеуі «балқар драматургиясы Р.Геляев, О.Этезов И.Боташев, И.Маммеев туындыларынан бастау алады» деген қорытындыға келеді. Қарашай-балқар драматургиясын зерттеуде А. Теппеевтің үлесі айтарлықтай бар деп айтуға болады.

Көрнекті ғалым, қарашай-балқар драматургиясын зерттеуге үлес қосқан, тұңғыш мәдениеттану ғылымының докторы, профессор – Урусбиева Фатима Анваровна. Ол 1981 жылы орыс тілінде «Очерках истории балкарской литературы» [10, 229 б] - дейтін ғылыми жинақты дайындаған авторлардың бірі. Онда «Драматургия» деген бөлімінде Ф.Урусбиева 1930-1970 жылдардағы балқар драматургиясының дамуын қарастырады. Р.Геляев («Кровавый калым»), И.Боташев («Рассвет в горах»), И.Маммеев («Раненый тур», «После свадьбы»), А.Теппеев («Честь», «Твой свет», «Коммунист») сынды драматургтардың еңбектерін назарға алып, зерттеуші ұлттық драматургияның өсу тенденциясын айқындайды. Сондай-ақ, И. Боташев, И. Маммеев және А.Теппеевтің пьесаларын да зерделеп, деректі драмалардың күрделілігі мен ерекшеліктерін анықтай отырып, зерттеуші И. Боташев шығармаларының жақсы және әлсіз тұстарын, И. Маммеев туындыларының эстетикалық және философиялық ізденістерінің мәселелерін көрсетеді. Ғалым А. Теппеевтің «Свет воды» дейтін шығармасының көркемдік жағынан жетіспеушілігін атап өтеді. Жалпы, Ф. Урусбиева қарастырып отырған кезеңдегі ұлттық драматургияның бірқатар жетістіктері болғанымен тұрмыстық лирикалық драманың тарихи драмадан артта қалғанына назар аударады, және оның комедиялық, сатиралық жанрларында әліде ашылмаған, қарастырылмаған тұстары бар екенін айтып, болашақ зерттеушілер үшін тың тақырыптар мен бағыттарды айқындайды.

Ғылым бір орнында тұрмайды, зерттеу жұмыстары өз жалғасын табады. Алдыңғы буын ғалымдардың зерттеулеріне, драматургтардың шығармаларына талдау жасай отырып, бұл сала бойынша жан-жақты терең ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалым – филология ғылымдарының докторы, профессор Сарбашева Алена Мустафаевна. Оның 2009 жылы «Балкарская драматургия: этнофольклорная традиция, эволюция жанра» дейтін монографиясы [7]. Нальчик қаласында КБИГИ баспасынан жарық көреді. Бұл ғылыми зерттеу еңбектің жарық көруі балқар әдебиеттану ғылымда үлкен жетістікке бағаланады.

Онда 1930 жылдан бастап жарық көреген, қойылған пьесаларды талдап, бірең-сараң зерттеу мақалларды қамтып, балқар театры мен драмасының бастауы фольклор және әдет-ғұрыппен тығыз байланысты екендігі жайындағы бұрын-соңды ашылмаған сұрақтар қарастырылған, олардың қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері тарихи-мәдени және әдеби контексте зерделенген. Автор өзіне дейін зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектерін қарастырып, олардың зерттеу нысанына ілікпеген тұстарын анықтайды. Мысалы: «Ф. Урусбиеваның зерттеу жұмыстарында есімдері танымал О. Этезов, И. Жантуев және т.б. драматургтерге қатысты әдеби фактілерге лайықты ғылыми тұжырымдар жасалмаған, Ұлы Отан соғысы кезіндегі драматургия ашылмаған» деген ой-пікірін білдіреді [7, 10 б]. С. Хочуевтің, О.Этезовтің, К. Отаровтың және т.б. драматургтердің пьесаларын зерттеу нысаны ретінде алып, ХХ ғасырдың 50-70 жылдардағы драматургияның жанры мен идеялық-тақырыптардың алуан түрлілігін көрсетеді. Зерттеуші И. Боташевтің («Абрек», «На рассвете»), И. Маммеевтің («Раненый тур») және А.Теппеевтің («Коммунист») тарихи-деректік, әлеуметтік-психологиялық драмаларындағы шынайылықты түсіндірудегі жаңашылдық үрдістердің барын анықтайды, заманауи балқар драматургиясын тарихи-мәдени контексте қарастырады.

Ғалым бір зерттеу еңбекпен шектелмей, ұлттық драматургияны теориялық аспектіде кеңірек аша түскен «Поэтика балкарской драматургии» [11] еңбегін басып шығарады. Бұл алдыңғы ғылыми зерттеудің жалғасы еді. Ғалым ұлттық драматургтердің авторлық ойын ашып жеткізудегі көркемдік әдіс-тәсілдерін, шеберліктің «құпиясын» меңгерудегі жетістіктерін айта отырып, теориялық аспектіде үш негізгі жанрды (трагедия, комедия, драма) зерттейді. А. Сарбашева арнайы бөлімдерге бөліп, трагедия мен драма түрлерінің көркемдік маңызын, комедия мен сатиралық формалардың ерекшеліктерін талдайды. Монграфиялық

зерттеуде балқар драматургиясының поэтикасына кешенді талдау жасай келе, балқар драматургиясындағы кейбір басы ашық қалған мәселелердің орнын толтырып, ұлттық әдебиеттің жанрлық мүмкіндіктері жайындағы танымды айтарлықтай кеңейтеді, Солтүстік Кавказ және Ресей Федерациясын толықтай алғандағы полимәдениеттік кеңістіктегі көркемдік деңгейін және эстетикалық маңызын анықтайды.

Театртанушы З. Хабичева-Боташеваның «Карачаевский театр: Истоки. Самодеятельность. Профессиональное искусство» [12], атты еңбегін атап өткен жөн. Ғалым драматургия және театрмен шектеліп қалмай, фольклорлық театрдың ұлттық негіздерін, әуесқой театр ұжымдары мен кәсіби театрдың тарихын зерттейді. Драматургия жұмысы бойынша арнайы тақырыптық бөлімдер көрсетілмесе де, оның уақыт контекстінде сахналық өнермен ажырамас байланысы қарастырылады. Зерттеуші драматургтердің белгілі бір тақырыпқа келуіне итермелеген әлеуметтік және саяси себептерге терең үңіле отырып, мәселенің мәнін ашады, жанрын анықтайды, шығарманың идеялық және эстетикалық табиғатын атап өтеді.

Аталған зерттеу еңбектер ұлттық драманың жанрлық ерекшеліктері мен тарихына байланысты жалпы мәселелерді қарастырған.

Қарашай-балқар драматургиясы жайында соңғы жазылған ғылыми еңбектің бірі - Саракуева Асият Мазировнаның 2024 жылы филология ғылымдарының кандидаты ғылыми атағын алу үшін дайындаған «Эволюция художественного конфликта в карачаево-балкарской драматургии 60-80-х годов XX века» тақырыбындағы диссертация [13]. Автор өз еңбегінде, өзіне дейінгі зерттеу жұмыстарын жүргізген (Б. Борлаков, А. Теппеев, Ф. Урусбиева, А. Сарбашева, З. Хабичева-Боташева сынды) ғалымдардың еңбектерін талдай келе, «олар ұлттық драманың тарихы мен жанрлық ерекшеліктері жайындағы жалпы мәселелерді қарастырған, және қарашай-балқар драматургиясындағы көркемдік қақтығыстардың эволюциясы сынды маңызды әрі өзекті мәселелер жайында бірде-бір арнайы зерттеу еңбек болмаған» деп, атап өтеді. Ол қарашай-балқар драматургиясындағы драмалық-қақтығыстардың табиғатын анықтайды, қақтығыстардың типтеріне орай пьесаларды жүйелейді, типологиялық және эволюциялық өзгерістерді негізге ала отырып, XX ғасырдың 60-80 жылдарындағы қарашай-балқар драматургиясындағы көркемдік қақтығыстарды қарастырады.

Сонымен қоса, А.М. Саракуева, драматургтардың атақты пьесалары жайында талдау жасаған ғалымдардың кейбір пікірлерімен келіспей, өз пікірлерін алдыға тартады. Әсіресе М. Маммеевтің «Раненый тур» («Жаралы жугьутур», 1965) пьесасындағы Кязим Мечиевтің тұлғасы, образы жайындағы А. Сарбашеваның пікірлеріне қарсы ой айтып, тұжырымдарын, пікірлерін жазады. [14, 268 б].

Қарашай-балқар драматургиясы жайында іргелі ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген еңбектерді саралап, зерделеу арқылы Солтүстік-Кавказ аймағындағы қарашай-балқар халықтарының драма мен театр өнерінің қалыптасып, даму кезеңдерін анықтау, драматургияның зерттелу барысы мен әдіс-тәсілдерін қарастыру – мақаланың негізгі нәтижелерінің бірі.

Қарашай-балқар драматургиясын зерттеген ғалымдардың (А. Сарбашева) еңбектеріне назар аударсақ, бірнеше ғылыми бағыт айқындалады:

1. Тарихи-әдеби бағыт – әдеби процесс пен жанр эволюциясын қарастыру.
2. Фольклортанулық бағыт – драматургия мен халық эпосының өзара байланысын талдау.
3. Салыстырмалы бағыт – қарашай-балқар драматургиясын басқа халықтар әдебиетімен салыстыру

(қазіргі кезеңдегі зерттеулер).

Мақалада зерттеушілер анықтап көрсеткендей драматургияның бастауында халықтық шығармалардың тұрғандығы (аңыз-әңгімелер, эпикалық шығармалар), өзгеде түрік халықтарының шығармаларымен әдеби-тарихи үндестігінің бар екендігі көрсетіледі. Бұл мақалада драматургияның дамуына әсер еткен үрдістер мен құбылыстарды жан-жақты талдап зерттеген ғылыми еңбектердің тарихи-хронологиялық тұрғыда сарапталуы, драматургияның ұлттық идеологияға, тарихи жадының, ұлттық бірегейліктің қалыптасуына қаншалықты әсері болғанын түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері қазақ және түркі халықтарының драма және театр өнері жайында зерттеу жұмыстарын жүргізуге негіз бола алады. Сонымен қоса, мақалада ұсынылған тұжырымдар мен әдіс-тәсілдер драматургияға қатысты зерттеулерде қолданылуы мүмкін.

Қорытынды

Ғалымдардың ғылыми зерттеу жұмыстары анықтап көрсеткендей, қарашай-балқар драматургиясының зерттелу тарихы ХХ ғасырдың бірінші жартысында алғашқы пьеса жазылып, сахнада қойылған соң бастау алады. Сол күннен бастап пьеса тақырыбында баяндама жасалып, драма мен театрдың өзекті мәселелері жайында сөз етіле бастайды. Бірнеше шағын мақалалар мен қойылым жайындағы рецензиялар жарық көреді. Алайда, бұл драматургияны толық жан-жақты ашқан ғылыми зерттеу деп айтуға толық келмейтін еді.

Қарашай-балқар халқының драма өнерін жан-жақты ғылыми тұрғыда зерттеу жұмыстары 1960 жылдан бастау алады. Оны осы тақырыпты зерттеп қарастыру барысында анық көрінеді. Осы кезден бастап ғылыми монографиялар мен зерттеу мақалалар басылып, драматургия тақырыбы кең көлемде ғылыми айналымға түскен. Бүгінгі таңда бірнеше ғылыми диссертациялар жазылып, қорғалған. Негізгі ғылыми монографиялық еңбектер жазған ғалымдар Б.Боралков, А.Сарбашева, З.Хабичева-Боташева, А.М.Саракуева.

Қарашай-балқар драматургиясы өзінің даму тарихында бірнеше кезеңнен өткені анық байқалады. Зерттеулер көрсеткендей, кеңес дәуірінде ұлттық драматургияның тарихи, әдеби, көркемдік негіздерін айқындап, ғылыми тұрғыдан театр ойындарындағы эпикалық дәстүрдің рөлін бас көрсетті.

Тәуелсіздік кезеңінде зерттеулердің басым бөлігі тарихи, этномәдени және салыстырмалы аспектілерге бағытталды. Сондай-ақ, бұл кезеңдегі зерттеулер тақырыбында драматургиядағы ұлттық сана, ұлт-азаттық мәселелерінің ауқымы артты.

Бүгінгі таңда қарашай-балқар драматургиясы тек ұлттық әдебиеттің көркем саласы емес, Кавказ халықтарының ортақ рухани мұрасын айқындайтын маңызды мәдени құбылыс ретінде қарастырылады.

Қаржыландыру: Мақала ҚР Ғылым комитетінің 2025-2027 жж. арналған ЖТН АР26194993 гранттық қаржыландыру жобасы негізінде әзірленді.

Авторлардың қосқан үлесі:

Шапауов Ә.Қ. – зерттеудің тұжырымдамасын, теориялық негіздерін қалыптастыру;

Алимбеков Р.Ж. – ұсыныстар беру мен талдау, қорытынды жасау, редакциялау.

Әдебиеттер тізімі

1. Шапауов, Ә. (2025) Солтүстік Кавказ аймағындағы түркі халықтары драматургиясының тууы мен дамуы және дәстүр жалғастығы. Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық серия, 3, бб, 468-477. <https://doi.org/10.48081/LTRV5838>
2. Shapauov, A. (2013) Stylistic and artistic peculiarities of dramatic works by Turkic nations of Central Asia and Caucasian region. Available via the link: http://www.lifesciencesite.com.39_039_21264life1011s_221_224.pdf (Accessed: 03.10.2025).
3. Борлаков, Б. (1975) Карачаево-балкарская довоенная драматургия. Черкесск: Карачаево-Черкесское отделение Ставропольского книжного издательства, с. 72.
